Хикая алғаш жарияланғаннан-ақ әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс деп танылды. Жазушыға 1954 жылы Нобель сыйлығы берілгенде ресми құжатта: «Шал мен теңізде» тағы да танылған баяндау шеберлігі, сондай-ақ бүгінгі прозаға жасаған ықпалы үшін» деп көрсетілген еді. Бұл туынды Америка әдебиетінің ең үздік үлгілерінің бірі. «Шал мен теңіз» – хикая-тәмсіл. Ол Хемингуэйдің өмірдің мәні жөніндегі ой-толғамдарының асқар шыңы. Жазушы өзінің шығармаларын сегізден бір бөлігі ғана су бетіне шығып тұратын айсбергке теңеген. Хемингуэй мәтіндері – айсбергтің сондай бөліктері. Айтқандай, әдебиеттанудағы «айсберг қағидаты» атауы жазушының осы бейнелі образынан шыққан. Шал мен теңіз деген ұғымдардың өзі айналып келгенде адам мен табиғат, өткінші мен мәңгілік деген проблемалардың бейнелі атауы емес пе. Шығарманың аллегориялық сипаты, философиялық астары жөнінде жүздеген зерттеулер жазылған. «Повесть жазушының отыз жылғы еңбек-ізденістерінің нәтижесіндей қабылданды. 1936 жылғы «На голубой воде» атты очеркінде журналист Хемингуэй бір балықшының теңізде үлкен балықпен жалғыз қалғанын баяндаған еді. Очеркте кәрі балықшының балық ұстауы, бірақ оған ие бола алмай айырылып қалуы – акулалардың жемі болғаны айтылған», деп жазады белгілі ғалым Айгүл Исмақова. «Ерлік, адам рухының мойымайтындығы қаламгерді өмір бойы толғандырып келген, «Шал мен теңіз» повесін Хемингуэй шығармашылығының асқақ шыңы, оның «аққу әні» деп қарауға болады. Повестің аллегориялық мағынасы кейіпкердің – 84 жастағы қарт кубалықтың «Адамды құртуға болады, алайда оны жеңуге болмайды» деген сөзімен берілген», дейді Т.Грудкина. Қандай қаламгердің де бүкіл шығармашылығы түп-тұтас ұлылықтан тұруы қиын. Бәлкім, мүмкін емес. Хемингуэйдің ұлы жазушы ретіндегі даусыз сипаты, біздіңше, адам жалғыздығы тақырыбын кейіпкерін ұшы-қиыры жоқ мұхит төсіне алып шығу арқылы шешкендігінен көрінеді. Әрине, күн көру, қорек ету қажеттігі болмаса, мына өмір тіршілік үшін күрестен тұрмаса, шал да мұхит төсіне шығандап, Жаратқанның тағы бір мақұлығын – балықты өлтіріп жатпас еді. Хемингуэй хикаясы адам рухының ұлылығын, адам күшінің мүмкіндігін соншалықты кемел көркемдікпен, керемет кернеумен көрсетіп берген. «Шал мен теңіздің» адамның өмір үшін күресін көрсететіндігі жайында жүздеген, бәлкім, мыңдаған рет жазылған. Сонымен бірге, бұл хикая адамның өмірмен күресі жөнінде де деудің еш артықтығы жоқ.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Тыңдамалы шығармалар. 6 томдық. – Алматы: Қызметкөркемәдениет, 1955. – 420 б.
2. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: шығармалар жинағы – Алматы: Жазушы, 1967. –380 б.
3. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы – Алматы: Жазушы, 1979. – 110 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
5. Хемингуэй Эрнест. Шал мен теңіз. Повесттер. Аударғандар: Н. Әбуталиев, Н. Ғабдуллин. Астана: Аударма, 2002. – 368 бет.

А.К. Амандаулетова

БҚО, Орал қаласындағы № 28 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейі,
bisembaeva_73@mail.ru

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЕРЛІК, ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Қазақ фольклоры – қазақ халқының басынан кешірген тарихи көрінісі. Халықтың дәстүрі – халықтың тарихы, халық ауыз әдебиетіндегі түрлі ертегілер, эпостық жырлардағы халық батырларының өмірлері, қазақтың тұрмыс-салт жырлары, еңбек пен шаруашылық, аңшылық туралы, әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар, той-бастар, жар-жар, сыңсу, мақал-мәтелдер, жұмбақ айту, аңыз әңгімелер, батырлар жыры, жыраулар айтатын өсиет сөздер, ақындар қалдырған термелер, айтыс, қыз ұзату, қонақ күтімі т.б. – бұл қазақ халқының тарихы. Осыларды үйрену арқылы халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрену балаға ұлттық тәрбие береді

Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп, қалыптастыру жетекші орын алады. Өзінің бүкіл халық болып, мемлекет болып құрылу тарихында талай тар жол, тайғақ кешулерді басынан кешіріп, үнемі шапқыншылардың шабуылына төтеп берумен өмірін өткізген халқымыз елді, жерді қорғаудың қадірін ерте түсініп, баласын ана сүтімен бірге Отанын сүюге және қорғауға, яғни, ерлікке, елжандылыққа тәрбиелеген.

Халық мақалында ел қорғау, жау қамалын қиратқан, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған жігіттерді ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Мысалы, «Шын батыр сын үстінде танылар», «Батырға оқ дарымайды», «Ерлік егесте керек», «Батыл болмай батыр болмайсың» дейтін мақал-мәтелдерде ер, батыр адамды ерекше шыныққан, екі айтпайтын, намысшыл, халқы үшін қандай қиыншылық болса да даяр деп сипаттайды. Бұл арқылы жас ұрпақты, намысшыл бол деп ерлікке, елжандылыққа тәрбиелейді [1].

Қазақ фольклорының ең бір үлкен саласы – батырлар жыры, халқымыздың рухани мұрасының белді бөлігі болумен қатар, бұл жырлар халықтың есінде ғасырлар бойы сақталып, жатқа айтылып, елді топтастыру, қорғау, халықты бірлікке шақыру жолында қалтқысыз қызмет етіп келеді. Алпамыс пен Қобыланды, Ер Тарғын мен Қамбар, Еділ мен Қарасай-Қазы жырлары тек поэзияның ғана інжу-маржандары емес, ең алдымен батырлық пен батылдықтың, қайрат пен жігердің, ержүректіліктің үлгісі болып табылады. Бұл жырлардың қайсысы болса да, сан ұрпақты шапқыншы жауға қарсы жұмылдырып, күш-қуат беріп, ерлікке тәрбиелейді [2].

Қазақ эпостары балалардың бойындағы еңбек сүйгіштік, патриотизм, адамгершілік, Отанын сүюге, әйел қауымын, үлкендерді сыйлау, қастерлеу, батылдық, қамқорлық, мейірбандық қасиеттерінің оянуының негізі бола алады.

Батырлар жыры көбінесе Отанын сыртқы жаулардан қорғау, өз елін басқаларға тәуелді етпеу тілегін қамтиды, сол идеяны берік ұстайды. Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та, қыпшақ, ноғайлы қазақтары қызылбастарға, қалмақтарға қарсы күреседі.

Мысалы, Қобыланды батыр жырында оның сол ел-жұрты үшін жасаған ерліктері дәріптеледі. Қобыландыны да, Алпамысты да, Тарғынды да, Қамбарды да елі сол үшін ардақтаған. Мысалы, қалмақтарға қарсы аттанған Қамбардың ерлігін жыршы былай өрнектеген:

Қараман мен Қамбарбек,
Қарсыласып қылыш табысты.
Ақ найзалар айқасып,
Нар бурадай алысты,
Шанышқанына шыдамай
Астындағы Құлбадам

Шөге жата қалысты,
Қалмақтың ханы қараман
Сол жағынан құлады.
Түртіп өтіп кеткені

Тақиядай ұшады [3, 12], – деп Қамбардың ерлігін жырлайды. Ол сол үшін Қамбар батыр аттанады. Халқымыздың әдебиетінде, тарихында елді қорғаған батырлар мен оның анасы, жар-жұбайы қатар жүреді, бұлар олардың тек тілеуін тілеушілер ғана емес, оларды жорыққа дайындаушы, намысы мен жігеріне дем беруші, ақылшысы және қамқоршысы болған. «Қобыланды батыр» жырында Құртқа ақылды, сабырлы, көреген, мұның барлығы батырдың қиындықтарды жеңіп шығуына себебін тигізеді, ол жасымайды, қайта батырға үнемі ақыл қосады.

Жарына мұндай адал қызметтің үлгілерін Ақжүніс пен Гүлбаршын, Назымдардың басынан да көреміз. Бұл – ұрпақты ерлікке, елжандылыққа тәрбиелеудің үлгілері.

Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құрылады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып
Ұста болар ма екенсің?!
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,

Шешен болар ма екенсің? [4, 5] – деп, болашаққа үміт артып, баланың батыр, ұста, шешен болуын қалайды.

Қазақ халқының тәрбие беру жөніндегі тиімді құралдардың бірі – ертегі. Мысалы, «Қырық өтірік» ертегісіндегі басты кейіпкер Тазша бала бейнесі арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа, шешендікке баулысақ, «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай бейнесінен мергендікті, қажырлылықты, мейірбандықты, имандылықты үйренеді.

Ер Төстік – ертегінің басты кейіпкері. Оның образы ертегіде әр түрлі жолмен жасалады. Белгілі мөлшерде Ер Төстік батырлар жырының кейіпкеріне, батырға ұқсап отырады. Ол ертегінің алғашқы бөлімінде жолдасы да садақ, азығы да садақ болған мықты мерген батырдың бейнесінде көрсетіледі. Ашаршылыққа ұшыраған әке-шешесін Ер Төстік құстың, аңның етімен асырайды. Мұны халық ертегісі Ер Төстіктің ерлігі, батырлығы деп дәлелдейді.

Ер Төстік өзінің қаңғып кеткен сегіз ағасын жалғыз іздеп шығады. Бұл жолда көп қиындықты басынан кешіреді де, ағаларын тауып әкеледі. Ер Төстіктің бұл ісі ертегіде батырлық әңгіме ретінде алынады. Ертегі Ер Төстіктің осындай ерлік істерін суреттей отырып, оның батырлық образын жасайды. Ер Төстікті әр түрлі жауыздық, зорлық жасаушы күштерге қарсы күресуші, жәбірленушілерді қорғаушы етіп көрсетеді. Жалпы, Ер Төстіктің қандай іс-әрекеті болса да, оның барлығы да жас ұрпаққа үлгі болып, оларды ерлікке, елжандылыққа тәрбиелейді [4, 7].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы – қазақ лиро-эпостарының ішіндегі ең көнесі. Жырдың бүкіл композициялық – сюжеттік арқауы адал да арманды, кіршіксіз де мөлдір махабатты жырлауға құрылған. Қозы сүйгені Баянға қосылу үшін нендей қиындықтарға болсын бел байлайды. Ол қадірлі анасының да «барма» деген сөзіне мойын бұрмайды, мал дәулеттің иесіз қалып бара жатқанына да қарамайды. Жолда ол талай жаманат, жауыздық иелеріне кездеседі. Шөл далада арып-шаршайды. Ол Баяны үшін тазша кебін киіп, Қарабайдың қойын бағады. Сол қиындықтың бәрін айласымен, ақылымен, ерлігімен жеңеді [5, 7].

Жырда оның сол қасиеттері нақтылы оқиға үстінде көрсетілген. Мысалы, оның күштілік, ерлік сипаттары мынадан көрінеді; ол жүген-құрық тимеген ауауларды «көгендеп тізіп салады», «ықты-жарды білмейтін Қодарды», «Бақа айғырдан ала бедеу байталдап жұлып алады», «желінің құлаш-құлаш қазығын бір бармағымен басып-ақ зымыратады», күрескенде Қодарды астына салып «бейне

жүктей тоқсанды үйе салады» [6, 11]. Тілегі Қозыда болған халық оның бойына осындай зор күш, батырлық сипат берген. Қозы бейнесін осылай суреттей отырып, әрі жас ұрпаққа өнеге ете отырып, оларды ерлікке, елжандылыққа, батырлыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

Қазақ фольклорынан біздер халқымыздың қаһармандық, ерлік, елжандылық хикаясын көреміз. Патриотизм, ерлік, елжандылық – қазақ фольклорының өзекті де, ежелгі тақырыбы. Жас ұрпақты ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүйуге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің өнегелі өсиеті өзекті орын алады.

Әдебиеттер:

1. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы. – 1992.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1991. – 288 б.
3. Ақшопақов Т., Қанафин Ә., Хасенов М. «Алпамыс батыр», «Қазақ әдебиеті» (хрестоматия). Алматы. – «Мектеп» баспасы, 2001. – 89 б.
4. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1999. – 200 б.
5. Қазақ фольклористикасы. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1972.
6. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы. – 1976.

МРНТИ: 14.35.09

Ж.А. Аубакирова

КГКП «Колледж строительства» УО ВКО, terlikbaeva2012@mail.ru

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РЕЧЕВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА

Стандарт нового поколения предусматривает использование компетентностного подхода, основанного на разработке компетенций обучающихся учебных заведений в виде основных образовательных результатов. Компетентный уровень интеллектуального и духовного развития личности, ее культурной и ценностной ориентации, основы будущей общественной и профессиональной активности, способности к самообразованию и саморазвитию.

«Языковая компетенция» в современной теории обучения языкам, обозначает совокупность языковых знаний, умений, навыков, овладение которыми позволяет осуществлять речевую деятельность в соответствии с нормами изучаемого языка в сферах деятельности, а также способствуют развитию языковых способностей обучаемых [1]. Поэтому языковая компетенция, ее сформированность выступает в качестве одного из основных условий становления специалиста – носителя языка, способного к эффективной речевой коммуникации не только на родном языке.

Основная цель исследования – формирование языковой, лингвистической, коммуникативной и культуроведческой компетенций в группах с неродным языком обучения для осуществления межличностных и профессионального общения с носителями языка в профессиональной среде.

Актуальность темы определяется ее противоречиями: возросшие требования к уровню развития языковой компетентности обучающихся и, с другой стороны, необходимость создания эффективной методической системы, способной реализовать требования компетентностного подхода в полной мере для профессионально технического образования по специальности. Решение данных противоречий обусловило проблему рассмотрения теоретических аспектов формирования профессиональной речевой компетентности обучающихся в процессе изучения русского языка. Обобщение данных наблюдений, использовать при разработке практических упражнений для выпуска УМП как результат.

«Любой неродной язык, – утверждает И.Л. Бим, доктор педагогических наук, – помогает родному языку служить средством освоения мира, развития речемышления. Он является, кроме того, более действенным и непосредственным средством приобщения к другой национальной культуре и развития взаимопонимания между народами, выступает как дополнительное «окно в мир».

С раздела «Русский язык – окно в мир» начинаем изучение профессионального русского языка в колледже. Тема «Русский язык – фактор расширения информационных горизонтов в современном мире». Беседы о выразительных возможностях русского языка, его богатстве, как источнике знаний обогащают представление о системе изучаемого языка и учат обучающихся пользоваться этой системой на практике.

На уроках русского языка стремимся к формированию у обучающихся всех видов речевой деятельности: лексико-грамматический, аудирование, говорение, чтение, письмо. Особое место в курсе русского языка отводится обучению языку специальности. Это предполагает обогащение словарного запаса обучающихся общенаучной, терминологической лексикой, характерными для научного стиля синтаксическими конструкциями, дальнейшее совершенствование умений и навыков, извлечения основной информации из учебно-научных текстов, передача её в устной или письменной формах.

Выполняемые тренировочные упражнения лексического, языкового, грамматического, стилистического и речевого характера помогают углубить понимание смысла прочитанных текстов и выявить особенности научной речи. Использование текстов, статей и упражнений к ним, выполняемые обучающимися, нацелены на усвоение ими лексики, терминологии по специальности. Анализируем тексты «Обязанности специалиста», «Моё рабочее место», «Проектирование», занимаемся их трансформацией, переводом с родного языка. Система заданий построена на основе коммуникативного метода и представляет собой попытку реализовать сочетание функционального и тематического подхода к подаче учебного материала. Обучение профессиональному языку учитывается и при организации самостоятельной работы и внеклассной.

Словарный запас обучающихся расширяется за счёт лексики по темам «В мастерской», «Терминология специальности», «Делопроизводство», «Моя профессия», «Моя специальность», создаем лексические базы, знакомимся с неологизмами. В качестве дополнительного материала используем научные статьи, картинки и небольшие видео профессиональной направленности. Обучающиеся сами контролируют групповые задания и задания индивидуального характера, умеют давать оценки собственной деятельности.

Приобретённые обучающимися навыки конспектирования, составление тезисов и аннотаций позволяют быстро извлекать основную информацию из специальных текстов профессиональной направленности. В дальнейшем переходят к освоению более сложных видов устных и письменных работ – рефератов, презентаций, сбор материалов к выполнению собственно речевых заданий творческого характера, докладов на научно – практические конференции.

Для эффективного и оптимального речевого роста обучающихся на занятиях используем разноуровневые задания. Учёт индивидуальных способностей и склонностей позволяет каждому обучающемуся оценить глубину своих знаний, систематизировать и обобщить полученные знания. Сами учатся делать выводы для применения полученных знаний в конкретных ситуациях общения в условиях русской языковой среды и для дальнейшей профессиональной деятельности.

Таким образом, развитие самоконтроля и самооценки обеспечивает поисково-исследовательские умения и навыки, развитие творческих способностей, активную и самостоятельную работу обучающихся, выпускников колледжа – специалистов.

Но ведь сегодня обучающимся необходимо использовать знания в активной практической деятельности на трёх языках. Система языкового образования требует обучение родному и русскому (межнационального общения), иностранному (английскому) языкам должно быть единым связным целым, на что и указано в Концепции образования Республики Казахстан. Одним из наиболее важных качеств высококлассного специалиста является не только умение работать с информацией, но и способность применять трёхязычье в своей профессиональной практике.

Английский язык на сегодня представляет собой одно из необходимых условий подлинной конкурентоспособности профессионализма на рынке труда. Значит знание английского языка, наравне с казахским и русским языками, становится основой для обеспечения качества образования и развития международного сотрудничества. Чтобы выпускники колледжа смогли свободно

интегрироваться в международную. экономическую систему для дальнейшей профессиональной деятельности, проводим работу по воспитанию личности обучающихся как субъекта культурных отношений. Поэтому в основе стала идея интеграции [2]. Интеграция содержания образования, внеклассной работы, тематики научных проектов обучающихся, охватывающая умственную, интеллектуальную культуру, эстетическую, нравственную, экологическую, физическую, экономическую, семейную, политическую и правовую культуры. Интегрирование учебного материала проводим с опорой на возможности внутрипредметных и межпредметных связей [6]. С целью формирования языковой компетентности разрабатываем и проводим уроки по модульной технологии, организуем внеклассные мероприятия на трёх языках, что дает положительную мотивацию в изучении разделов русского языка. Организован кружок «Мой край родной». Целью которого является формирование толерантного отношения к языкам и культуре различных этносов, региональный компонент – по изучению экологии, обычаев и традиций народов, проживающих в нашем регионе. Полиязычие-веление времени [3].

Результат образования в целом является результатом ожидания разработанных и разрабатываемых государственных программ, в частности программы развития языков на 2010-2020 годы.

И так, функционально грамотный специалист -носитель родного и неродного языков должен системно и устойчиво проявлять четыре компетенции: языковая, речевая, коммуникативная, этнокультуроведческая [5]. Поликультурная личность, освоившая базовые ценности национальной и мировой культур, готовый к социокультурному взаимодействию самореализации, сформированной коммуникативной компетентностью на основе усвоения государственного и иностранного языков.

Прогнозируемые результаты развития функционально грамотной личности обучающихся для дальнейшей профессиональной деятельности:

1. Формирование общеучебных и специальных умений и навыков.
2. Целостное научное видение объекта, явления.
3. Прикладная направленность знаний.
4. Умение проявлять функциональные компетенции.
5. Социально применимые качества.

Литература

1. Божович Е.Д. Преподавателю о языковой компетенции: психолого-педагогические аспекты языкового образования. – М.: МПСИ
2. Галеев В.Н., Нигманов З.Г. «Полилингвальное обучение и глобальная информатизация». ТГГПУ г. Казань
3. ГОСО Республике Казахстан. Учебные планы.
4. Государственная программа развития языков на 2010-2020 годы.
5. Закон «О языках в Республике Казахстан»
6. Пассов Е.И. «Коммуникативный метод обучения». М., Просвещение, 1991г.

МРНТИ: 16.31.51

Б.С. Балыкбаева, С.А. Миятова, Р.С. Айсрахунова
«№ 28 ЖОББМ» КММ, ШҚО Семей қаласы, r_beysekina@mail.ru

ОҚЫЛЫМ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

21 – ғасыр білім мен ғылымның, жаңа инновациялар ғасыры. Жаһандану қарқын алып, адами ресурстар басты капиталға айналған заманда, рухани құндылықтар өзгеріп, адамдардың кітап оқуға деген қызығушылықтары төмендеген шақта, жас ұрпақтың ұялы телефондар мен гаджеттерді пайдалануы, оқу-білімге салғырт қарауы - өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай,

ертеңіміз болар жас ұрпақтың кітап оқуға деген көзқарасын өзгерту қажет. Ол үшін оқылым дағдыларының механизмдерін жетілдіріп, оқылым стратегиялары арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, оны тиімді қолдана отырып, олардың оқу сауаттылығын арттыру.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту, осы дағдылар арқылы оқушының өмірде қазақ тілінде емін-еркін араласып, тілдесуіне, өз ойын еркін білдіруіне, кез-келген ақпаратты сараптап, қорытынды жасауына мүмкіндік береді және сол арқылы олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға жол ашады.

Төрт дағдының ішіндегі ең маңыздысы – оқылым дағдысы. Оқылым дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Оқылымды қандай стратегиялар арқылы жүзеге асыруға болады? Сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады?

Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі.

Іс-әрекеттің басты саласы – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы – жеке тұлғаның қоғамдық өмірге қатысып, өзінің білімі мен мүмкіндігін дамыту үшін мақсатқа жетуде мәтінді түсіну, қолдану, ойлану, байланыстыру қабілеті.

Оқылымның стратегиялары:

Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.

Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.

Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.

Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.

Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.

Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.

Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

3. Оқылымның ішкі дағдылары (subskills):

***Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу**

(skimming) – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажетті пайыздық көрсеткіштерді тауып алу.

Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе –сөз оқимыз.

Сөз мағынасын контексттен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару немесе сөздіктерді қолдану

Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы: кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Оқылымға арналған тапсырмалар:

1. Біз қандай стратегияларды пайдаланамыз?

Тапсырмалар беріледі. Орындап болғаннан кейін, оқушылар пайдаланған стратегиялардың қайсысы тиімді болғанын анықтау мақсатында жоғарыда айтылған стратегиялармен салыстырамыз, сынаймыз.

2. Топта оқу.

Сабаққа дайындалудың алдында мұғалім көлемі үлкен мәтінді алып, параграфтарға бөледі де әр топқа бір-бір параграфтан береді. Оқушылар өз мәтіндерінің негізгі мағынасын беру керек. Талқылаған кезде мейлінше тиімді қорытынды шығарады.

Жаңа лексикалық бірліктерді оқуға бағытталған стратегиялар:

Оқыған сөздерді жақсы есте сақтау үшін суреттер пайдаланыңыз;

1. «Оқы-қара-жап-айт-жаз-тексер» техникасы:

– **Оқыңыз.**

– Оны жауып тастаңыз.

– Оны ауызша айтып шығыңыз.

– Оны есте сақтауыңыз бойынша жазып шығыңыз.

– Жазғаныңызды тексеріңіз.

– Егер қате жіберсеңіз, жоғарыда жазылған тізім бойынша қайталаңыз.

– Жаңа сөздердің тізімін жасаңыз, бос уақытыңызда қайталап отырыңыз.

– Жаңа сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

2.«Көптік таңдау»:

ұсынылған нұсқалардың ішінен дұрысын таңдау;

мәтін мазмұнына сай/сай емес тұжырымдарды анықтау

ақпараттың мәтін мазмұнына қатысты шын/жалғандығын белгілеу.

3. «Жасырынбақ» ойыны. Оқушылар ақпаратты оқып не жаттап алғаннан соң, ақпарат жасырылады немесе өзгертіледі, ал оқушылар еске түсіруге тырысады.

4. «Фрагменттерді қалыптастыру». Үлкен көлемді ақпаратты есте сақтау үшін шағын, оңай есте қалатын «фрагменттерге» бөлу.

5. «Мнемоника»: әрбір сөзі есіңізде сақтағыңыз келген нәрсенің алғашқы әрпінен басталатын тіркес немесе сөйлемді ойластыру; мысалы кемпірқосақтың түстерінің ретін еске түсіру үшін пайдаланамыз: қызыл, қызғылт-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін – қалам қолымда, сағындым жазды, көктемде көңіл көтеріледі.

6. «Бейнелер тізбегі»: сөздер мен нысандар тізімін өзіңіз есіңізде сақтағыңыз келген ретпен кездесетіндей оқиғаны ойлап табыңыз.

7. «Стоп-кадр» – видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадрды экранда тоқтатып қойып, сұрақтар қою арқылы оқушыларды диалогқа тартуға болады. Сыныпта жұптық жұмыс ұйымдастыруға да болады: оқушылардың біреуіне кадрды көрсетіп, екіншісіне осы көріністі толықтай сипаттап беруін тапсыруға болады, екінші оқушы оған нақтылау сұрақтарын беру арқылы көмектесуіне болады.

8. «Он сұрақ» әдісі арқылы алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю: мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына

негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ» не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

9. «Қауымдастықтар»: таныс емес нәрсені бұрыннан таныс нәрсемен байланыстыру арқылы есте сақтау.

«Мен ешуақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын», – деп Альберт Эйнштейн айтқандай, болашақ ұрпақтың, кітап деген тұңғыыққа батып, білім нәрімен сусындап, алған білімдерін өмірде қолдана алатындай жағдай жасау. Оқылым дағдысы барлық дағдылардың негізі болып табылатындықтан, осы дағдыға мейлінше көңіл бөліп, келтірілген оқылым стратегияларының ішіндегі ең тиімдісін қолданып оқытуға бағыттау керек.

Ал оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасын арттыруға болады. Сол арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттырып, олардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік бар.

Әдебиеттер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы, Нұр-Сұлтан, 2019 ж.
2. М. Ахметова «Мәтін лингвистикасы», Орал, 2008 ж.
3. С. Шабжанова «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар, 2015 ж.

МРНТИ:16.31.51

А.Т. Булабаева¹, Ш.С. Кусаинова¹, Б.К. Ешенкулова²

¹Семей қаласы, «№ 19 ЖОББМ»КММ, bulabaevamalikova@mail.ru, kusainova_1969@list.ru

²Семей қаласы, «№ 35 ЖОББМ» КММ, eshenkulova1970@mail.ru

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТУЫНДАЙТЫН ҚИЫНДЫҚТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Әрқайсысымыз белгілі бір ортада тәрбиелендік, сол ортаның аса маңызды компоненттері барлық қоғам мүшелерінің дүниетанымына құрамдас бөлік болып еніп, белгілі бір мәдениетті танытады. Мәдениетаралық қатынас кезінде коммуникативтік қиыншылықтар қатысушы мәдениетті құрастырушылардың әртүрлігінен туады, айырмашылық неғұрлым көп болса, қатынасу үрдісі де соғұрлым күрделірек болмақ. Өзге мәдениет өкілімен араласқанда оның мінез-құлқын өзіміздің мәдени нормаларымызбен ережелердің негізінде болжай алмаймыз. Бұл түсініспеушілікке соқтырады. Қатынас ойдағыдай болуын қаласақ, болжам мен болжау жасау үшін басқа мәдениет туралы білімімізді пайдаланамыз. Сондықтан ағылшын тілін үйретуде елтану саласы бойынша көбірек жұмыс жасаған дұрыс. Ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің мәдениеті де әр түрлі, тілді дұрыс түсіну үшін сол елдің мәдениетімен, салт дәстүрі туралы ақпараттар ауадай қажет. Мұндай білім болмаса, дұрыс болжау жасауымыз кәдік. Американдық социолінгвистердің пікірінше, дәп осы себептер қатынас сипатын анықтап, оған тиісінше мәдени реңк береді. Әлеуметтік топ мүшелерінің бір – біріне алғыс айтуы, кешірім сұрауы, мақтап-мадақтауы – осының бәрі сол әлеуметтік топтың мәдени құндылықтарын көрсетеді, өйткені сол сөздерді айтқанда адамдар жанама түрде бір-бірінің мінез-құлқын, жетістігін, мінезі мен сырт бейнесін бағалайды [30]. Орта тапты американдықтардың (достардың, қызметкерлердің, таныстардың) арасында жиі айтылатын қошемет сөздерді мысалға келтірейік. Американдықтар мынандай сөзді жиі айтады: «It's a lovely dress you're wearing!» – «Oh, no, I've got it for years!» – «Сенің көйлегің қандай әдемі!» – «Қайдағы, бұл көйлекке жүз жыл болған шығар!». Дж.Чиктің түсіндіруінше «американдықтар эталитарлы қоғамның мүшесі ретінде қатынаста өзін ашық, еркін және тең ұстайды, және қошамет сөз әлеуметтік шектеулерді теріске шығарудың құралы болып табылады» [17]. Яғни, американдықтың сұхбаттасушының қошаметін қабыл алмау себебі мынада: қабыл алса, онда өзін одан жоғары көрсеткендей болады. Ал, мысалы, ақ нәсілді орта тапты оңтүстік африкандықтар бір-біріне қошамет сөзді сирек айтады, айтылғандардың көбін қабылдаумен өзін сұхбаттасушыдан жоғары ұстап, әлеуметтік ара-қатынасын белгілеп алады. Мұны да әлеуметтік теңсіздік (әсіресе билікпен байланысты) заңмен анықталып, бекітілген қоғамның мәдени құндылықтарымен түсіндіруге болады. Егер біреу мәдени айырмашылықты білмегендіктен ренжітіп алса, оны кешіруге болады. Ал ол менмендік пен арсыздықтан туса, жағдай шиелініседі. «Қабылдау қатыстылығы» теориясы адамдардың болып жатқанды қалай қабылдайтынын түсіндіреді. Біз басқаның мінез-құлқын өз түсінігіміздегі мәдени нормаға, тиісті бір әлеуметтік рольге сыйымдылығына қарай түсінеміз. Өзара түсіністіктің қиыншылығының себептерін қарастыра отырып,

мынадай қорытындыға келеміз: 1) субъектің көз қарасымен алғанда барлық мінез-құлық жарасымды да қисынды; 2) әр түрлі мәдениет өкілдері өз ортасын әр түрлі қабылдап, жасайды, белгілі бір мәдени мұраға қарай белгілі бір мағынаға ие болады. 3) басқа мәдениет өкілдерімен тіл табысу үшін өзімізді солардың орнына қойып, жағдайды солайша түсінуге тырысуымыз керек. Басқа мәдениет өкілімен коммуникацияға енгенімізде сол мәдениет туралы сол мәдениеттің өзі «үйреткен» жаттанды түсінікті басшылыққа аламыз. Бір мәдениет өкілінің басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын дұрыс түсінуі, ерекшеліктерін білуі жат мәдениет пен оның басқа мәдениеттен айырмашылығын түсінуіне және өзінің дербестігінді сезіну үшін өз мәдениетімен салыстыруға көмектеседі. Мысалға немістердің басқа халықтарға көзқарасын алалық. Немістердің көпшілігі ежелден ағылшындарды әс тұтады. Англия саяси, әлеуметтік, өнеркәсіп және технология салаларындағы тамаша жетістіктермен Германия тұрғындары үшін бұзылмас бедел, үлгі. Немістер ағылшындарды тамаша, ешкімге зияны жоқ адамдар санайды. Американдықтардың бейқам мінезін ұнатып, неміске мүлде тән емес жеңілтектігін жаратпайды. Құрама Штаттар немістерге ұлт мектебінің директоры іспетті көрінеді, бұл елді сүймегенмен сөзсіз сыйлайды. Немістер билікті ұнатады. Олардың сүйікті мақалы: «Бағына білген бағындыра да біледі».

Ағылшын тілін жоғары сынып оқушыларын үйреткенде халықтың өшпес мұра саналатын фразеологизмдерді, оларды астарлап жатқан мәдени құбылыстарға талдау жасап, олардың қалыптасу көздерін табу теориялық және практикалық жағынан құнды болмақ.

Зоонимдерді салыстыратын болсақ .

Agree like cats and dogs (ағылшынша). Ал қазақша ит пен мысықтай өмір сүру. Екі тілде де бұл фразеологиялық тіркестер ұқсас. Бір-бірімен өш болу, яғни қарамақайшылықты білдіреді. Мысық пен иттей деп адамдардың өмірін осы екі жануарға теңейді. Яғни бұл фразеологиялық тіркестер адамның қылығын , мінезін сипаттайды.

Look like a starved cat (ағылшынша). Ал қазақша-жүнін жұлған тырнадай не жүнін жұлған тауықтай. Бұл фразеологиялық тіркесте мысық – қатал , жаман мінезді әйелді бейнелейді. Яғни сондай жаман мінезді әйелдерді мысықпен теңейді. Мысық, әсіресе қара мысық 2 тілде де (қазақ, ағылшын) жаманшылықты (ведьма) білдіретін, жаманшылық әкелетін жануарлар қатарына жатқызады. Бұндай фразеологиялық тіркестер қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де көптеп кездеседі [5]:

as melancholy as a cat (ағылшынша)

Яғни қайғыру

Тағы бір мысал: No room to swing a cat.

Қазақша айтқанда – тар жер , бұрылатын жер жоқ деген мағынада. Бұл мәтел фантастикалық теңеулерге жатады. Сондықтанда осы теңеулер арқасында бұл фразеологиялық тіркес жарық, жарқын естіледі. Бұл фразеологиялық тіркесте қалжың, семантико-стистикалық түстер жиынтығы, гипербола қолданылған [6].

Enough to make a cat speak

Яғни таңғаларсың. Бұл фразеологиялық тіркесте мысықтың образы – ол жануарлар әлеміндегі болатын таңғажайыпты бейнелейді, мысалы, мысықтың аяқ-астынан сөйлеп кетуі. Бұл фразеологиялық тіркестердің кейбіреуін жазушы Л.Кэррола шығарған. Мысалы: «Алиса в Стране Чудес» ертегісіндегі Чешир мысығының сөйлегені :

A cat may look at a king

(Смотреть ни на кого не возбраняется) [7].

Бұл жерде мысық сөзі – әркім , кез – келген деген мағынада қолданылып тұр. Тағы да осыған ұқсас мысал: ол француз ертегісінен. Авторы Ш. Перро.

Puss in boots

Негізінен қазақ және ағылшын – испан тіліндегі құрамында жануарлар кездесетін фразеологиялық тіркестердің ішіндегі кең таралғаны ол- мысық пен итке байланысты фразеологиялық тіркестер. Бұның себебі бұрынғы кезден бастап қолға үйретілген жануарлар –ол мысық пен ит болғандықтан және олар әрқашан адамдардың жанында болғандықтан соларға теңеген

болар. Олардың әрқайсысын мінезін талдап, адамға ұқсас мінездері болғандықтан жануарларға теңеген көптеген фразеологиялық тіркестер шыққан.

Сол сияқты орыс тіліндегі «змея подкожная», ағылшын тілінде «a snake in the grass», қазақ тілінде сұр жыландай, орыс тілінде «собака на сене», ағылшынша «a dog in the manger», орысша «ловить рыбу в мутной воде», ағылшынша «to fish in troubled waters», лай суда балық аулау тура мағынада жоқтан бар жасауға тең келеді.

Кейбір фразеологиялық бірліктердің мағынасы тек тіл иелеріне ғана таныс. Мысалы: ағылшынның «it rains cats and dogs» (нөсер жаңбыр туралы), «a rat race» (бәсеке туралы), «to suck the monkey» (құмыраның аузынан ішу мағынасында) [8].

Заман талабына сай зерттелуінде, қазіргі замандағы ағылшын тілінде де аң атаулары бар фразеологиялық бірліктер өте көп, олардың мағынасын көпшілік қауым түсіне бермейді және оларға түсініктеме беретін сөздіктер жоқтың қасы. Сонымен қатар ғылым мен техниканың жылдам дамуына қарамастан бұл фразеологизмдер қолданысын жоғалтпайды, себебі ол сол ұлттың этномәдениетіне тән, яғни ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де семантикалық өзгерістерге ұшыраса да адам мен табиғат арасындағы байланыстарын жоғалтпайды, бұл табиғаттың заңы бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды.

ҒТАХР: 16.21.33

Г.Т. Дарменова

Түркия, Денизли, gulviraakyol@gmail.com

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ «СОҒЫС» ҰҒЫМЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК КӨРІНІСІ

Соғыс – екі қарсы жақтың, қаптаған қару жарақ пен сан мың қолдың айқасуы емес, екі түрлі сананың, екі түрлі философияның белдесуінен туындаған қырып-жою, бағындыру, қарсы жағын жауын құрту мен күйретуді көздейтін қақтығыс.

«Соғыс» ұғымына концептілік талдау жасамас бұрын осы сөздің түпкі мағынасын білу мақсатында түсіндірме сөздіктерге жүгіндік:

1. «Соғыс I Мемлекеттердің және бір-біріне қайшы таптардың арасындағы болатын қарулы күрес, ұрыс. Соғыс қылды (салды), соғысқа шықты, соғысты. Соғыс II 1. Ортақ етіс соқ-ыс 2. Ұрысу, шекісу, түйісу» [1].

2. Соғыс 1. Мемлекеттердің арасындағы қарулы күрес. Ұлы Отан соғысы. Жеңімпаз соғыс. 2. ауыс.: соғыс туралы, біреумен, біреулермен жауыздық қарым-қатынас. Соғысты жариялау [2].

3. «Соғыс – мемлекеттердің, ұлт (халықтар) және әлеуметтік топтар арасындағы ұйымдасқан қарулы күрес. Соғыста қарулы күштер ең басты және шешуші құрал болып пайдаланылады, экономикалық, саяси, идеологиялық және күрестің басқа амалдары [3].

«Соғыс» ұғымының ауқымының кеңдігі «соғыс» концептісіне байланысты қалыптасқан қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдардың бірқатарынан көрінеді.

Мәселен, «Қан майдан; Соғыс салды; Соғыстың заңы – өте қатал заң; Соғыста зиян алып келушілік – бұл жөнсіз төгілген қан, ақтаусыз кісі өлімі; Соғыс – халықтың күш-қуатын, ерлік-жігерін сынайтын ұлы емтихан; Соғыс өзімізді өзіміз және басқаларды тануға бейнебір таным айнасы болды; Соғыстың мәңгілік тақырыбы қасиетті төгілген қан болып қала береді; Соғыстың жауы – жеңіс; Қасқырдың ұлығаны боранға немесе соғысқа; Қырық жыл соғыс болса да ажалды өледі, кебенек киген келеді» сынды қанатты сөздер мен ырым-тыйымдарды көрсетуге болады.

Соғыс пен жаулауға қатысты мақал-мәтелдер де сөздік қорымыздың мол қатарын құрайды. Мысалы, Жауға жалынба жаныңды алады; Жауға жарақсыз барма, Қаруыңды күтпей қапы қалма; Соғысқа соғыс қана тойтарыс береді; Соғысқа, айуанға кешірім жоқ (өлеңнен); Соғыс жұлып кетті үйінің тірегін, Соғыс бұзды қуанышын, реңін (өлеңнен).

Жоғарыда келтірілген «соғыс» ұғымына қатысты түсініктемелер мен паремиологиялық талдау жасауда осы концептінің ерекшеліктерін төмендегідей анықтауға болады.

Соғыс: 1) бейбітшіліктің жоқтығы, ұрыс, жанжал, мемлекет арасындағы қарулы күрес немесе бір мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік топтардың арасындағы күрес; 2) ауысп. қарым-қатынастағы шиеленіскен жағдай, мемлекеттердің арасындағы қарусыз жанжал, өз идеологиясын міндеттеу арқылы мақсатына жету, экономикалық, саяси және т.б. қарым-қатынаста жауын әлсірету. Жеке тұлғалар мен азаматтардың арасындағы күрес, өшпенділік күйі; ұрыс, қақтығыс.

Демек, соғыс адам баласының өмірі мен қоғамында, мәдениетінде аса маңызды рөл атқаратын саяси-қоғамдық феномен.

«Соғыс» концептісінің аясына өзара шектес «өмір», «өлім», «қайғы», ұрыс, шайқас және «жеңіс, жеңіліс», «жау, дұшпан», «билік» концептілері бірінен кейін бірі орын алатын алуан түрлі тілдік бірліктерді, ұласпалы процестерді білдіретіндіктен, олар ассоциациялық элементтері болып табылады. Поэтикалық мәтінде «соғыс» концептісі әрбір тіл иесінің тілдік қолданысында да түрлі ассоциациялық элементтері арқылы танылып, бірнеше концептілік құрылымға салынып қарастырылды.

Осыған орай, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ақындар поэзиясында «соғыс» ұғымы негізгі концептілік жүйені құрайтын когнитивтік құрылым болғандықтан, «соғыс» концептісін бірнеше ассоциативтік модельге салып қарастыруды ұсындық:

«Соғыс – шығын, өмір, өлім» когнитивтік моделі. «Соғыс» концептісін айқындауда «өмір» және «өлім» концептілері үздіксіз түрде орын алатын ажырағысыз бірлікте көрініс береді.

Тілімізде «өлім» ұғымын «өмір» компоненті арқылы білдірілетін фразеологизмдер бар: «өмірі үзілді, қиылды» (қыршынынан қиылды, жастай кетті, дүние салды, мезгілсіз өлді).

Ұлттық санамызда адам өмірінің мерзімі түрліше өлшенетін болған. Оны ұзындық, қысқалықпен (қамшының сабындай қысқа ғұмыр, жылт еткен өмір); уақыт көрсеткіштері арқылы (бес күндік жалған, қас қақанша, қас-қағым сәт); Құдайдың жазғаны, басқа салғаны (маңдайындағыны, пешенесіндегіні көрді); бар-жоқ (дәм-тұзы таусылу) ұғымдары арқылы таңбалау кездеседі.

Өмір таным мен ақпарат көзі ретінде де көрінеді (өмір бойы іздену, бар өмірін ғылым-білімге арнау т.б.). Алайда қазақ ұғымында бұған керісінше түсінік те бар: Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра.

Өмір туралы ақпарат мынадай формаларда беріледі: Жүре берсең, көре бересің, көре берсең, көне бересің; Өмірдің өзі – сабақ; Пешенеңдегіні түгел көрмей, өлмейсің; Қырық жыл қырғын болса да, ажалды (ғана) өледі; Ажалсыз жан шықпайды; Жазым болса – быламыққа тіс сынады.

Осыған орай адамзатқа ортақ, өмірлік мәні бар концептілердің бірі – «өмір» концептісі болып табылады. Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір болса, сол өмірді танып-білуде ұлттық сипат басым болып келген. Мысалы:

Шашыраған көк жалынын бүркіп темір,

Орманның іші үрейлі.

Ал оттың ортасында –

Шіркін, өмір,

Құлын боп кісінейді /«Құлын», С. Мәуленов. 7б./

Соғыс – өлім. Өмірдің құндылығын, мәнін анықтаушы – өмірмен диалектілік бірлікті құрайтын «өлім». Ұлы Отан соғысы тұсындағы шығармаларда «өлім» концептісі былайша бейнеленеді:

Түндерде жара ауырлап,

Құтырып қағынды өлім /«Госпитальдар», С. Мәуленов. 15 б.

Соғыс не? Арпалысқан өлім-өмір,

Тұрса ағаш, сынса отын, жақса көмір /«Соғыс», Қ. Әбдіқадыров. 15 б.

Өлім деген арсыз сөз,

Қайдан маған болдың кез?

Өлім – жауым, өмір – досым,

Неге өлейін бостан-бос! /«Ғабдолға», Қ. Аманжолов. 65 б.

Қайран *достар* қалды мәңгі,
Жер қойнында *солып гүлдей*.
Беттерінен қашып *қаны*,

Сұрғылттартқан *суық түндей* /«Өзгерді ауа райы», С. Мәуленов. 65 б.

Ал *қаны суық түндей* теңеулік құрылымдарақын қолданысында «өлім» концептісін білдіруде денедегі қанның тоқтауын және суық қара жерге енуімен бейнелеген.

«Соғыс» концептісін беруде «*қара*» түс атауы жиі қолданылады:

Қап-қара бомба түскенде
Қап-қара күн боп күндізім,
Қап-қара түн ішкендей

Көре алмай қойдым күн жүзін /«Қап-қара бомба», С. Мәуленов. 114 б.

Бүгін тарих – жыр әсем
Қара шаштар қара шалған.

Соғыс жайын сұра сен

Мың өлімді қарсы алған

Солдаттар мен маршалдан! /«Соғыс жайын сұра сен», С. Мәуленов. 86 б.

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.

Барады үнсіз түніреніп,

Соғыстан қайтқан солдаттар! /«Соғыстан қайтқан солдаттар», С. Мәуленов. 10 б.

Халыққа *қара ту* ілген

Фашизмнің елінен /«Еврей қызы», Б. Бұлқышев. 127б.

Нақ сол кезде фашист сұм

Жамылып келіп *қара түн* /«Бейсекештің бес ұлы», Қ. Аманжолов. 32 б.

Қара тулы қанқұйлы жау,

Көрсем деуші ем азғаныңды / «Қанқұйлы жау», Қ. Аманжолов. 42 б.

Қара толқын орман шашын

Жұлды талдап снарядтар /«Ақын Өлімі туралы аңыз», Қ. Аманжолов. 226 б.

«*Соғыс – өрт, от, апат*» когнитивтік моделі. Соғыс кезеңдерінің қай-қайсысы да адам өлімімен тығыз байланысты болады. Жалпы адамзатқа өлім ортақ екендігі белгілі. Бірақ, адам өлімінің белгілі бір уақыт кесіндісінде жаппай сипат алуы – апат. Мұндай жайт табиғаттың дүлей күштері не жойқын соғыстар салдарынан орын алады.

Соғыс не? *Соғыс апат*, соғыс соққы,

Ол соқса шығарушы бұрын жоқты /«Соғыс», Қ. Әбдіқадыров. 15 б.

Апат боп өліктерді басып-таптап,

Қасқыр боп, өрт боп дұшпан келді қаптап /«Ұлы Отан соғысы туралы», Қ. Аманжолов. 43 б.

От болып қонды орманға

Соғыстың күрең көктемі /«Қаздар», С. Мәуленов. 11 б.

Соғыс жолы дауылмен,

Оқпен, отпен теңселген /«Соғыс жолы», С. Мәуленов. 63 б.

«*Соғыс – зұлымдық, фашист, үрей*» когнитивтік моделі. Соғыс – байлыққа, билікке қол жеткізудің, қол астындағы құлдар санын көбейтудің, яғни мемлекеттегі еңбек күшін арттырудың да құралы. Ол зорлық, зомбылықсыз болмайтыны анық. Соғыс кезінде тіршілік иесіне ажал қаупі сәт сайын төніп, үрей, қорқыныш сезімі тұрады. Осыған орай, «Соғыс» концептісі *үрей, қорқыныш, қауіп* абстрактілі ұғымдары жағымсыз мазмұнда танылады. Бұған байланысты тіліміздегі «*зәре-құты қалмау*», «*зәресі зәр түбіне жету*», «*зәресі қалпақтай болу*», «*қоян жүрек*», «*су жүрек*» сынды фразеологиялық тіркестер ақындар поэзиясында да дәл сондай ұғым береді.

Үңірейген үрей тұр соғыс дейтін,

Алапат аспан жерді аттандатқан /«1941 жыл. Ақпан», М. Мақатаев./

Өлтіре соқ фашисті, ұр желкеден

Ғасырлар мен жылдардың салмағымен /«Ұлы Отан соғысы туралы», Қ. Аманжолов. 44 б.

Ажал бейне фашист сұм,

Қасқыр болып шапқанда! /«Қоштасу», Қ. Аманжолов. 29 б.

Соғыс – қантөгіс, қан ассоциациялары арқылы да танылады: Жан тапсырды ол көз алдымда, Қанды қызу майданда /«Көз алдымда», Б. Бұлқышев. 132 б./; Су орнына қан ақты, Мұз орнына қан қатты; Қанды майдан таңы атты /«О, Ерлер-ау, ерлер-ау», Б. Бұлқышев. 133 б./; Қағазындай қаралы, Қалдырады соғыс қанды ізін /С. Мәуленов. 152 б./; Зырлады күн ұшқыр оқпен, Қан майданда қатар ұшып /С. Мәуленов. 215 б./; Соғыс жайын сұра сен, Азынаған желдерден, Қан боп жүзген көлдерден, Көп адамды құшақтап, Жатқан сонау дөңдерден! /«Соғыс жайын сұра сен», С. Мәуленов. 86 б. /.

Сонымен, Ұлы Отан соғысы кезіндегі «соғыс» концептісінің моделін былайша көрсетуге болады: соғыс – жауласушы екі жақтың арақатынасын айқындайтын саяси феномен; ұзақ уақытқа созылатын қақтығыстар мен жанжалдардың негізінде орын алатын күрделі қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдай; байлыққа қол жеткізу (тонау, талау) құралы; билікке (жаңа жерлерді иемдену) қол жеткізу тәсілі; адамдардың жаппай өлімі түрінде жүзеге асырылатын аса ауқымды трагедиялық жағдаят; күшті мен әлсіздің текетіресі; адамның адами болмысын түбегейлі өзгертетін (тіпті оны жыртқыш кейпіне түсіретін) күрделі психикалық күйлерге түсуіне себеп болатын аса күшті саяси фактор.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – А.: Дайк-Пресс, 2008, 968 б.
2. Ожегов С. И. Орыс тілінің сөздігі. – М.: «Орыс тілі», 1984, 989 б.
3. Қазіргі түсіндірме сөздігі. – М., 1997, 998 б.
4. Мәуленов С. Өлеңдер, поэмалар, балладалар, аудармалар. – А.: «АнАрыс», 2010, 320 б.
5. Бұлқышев Б. Адамзатқа хат. Шығармалар жинағы. – А.: Санат, 2005, 208 б.
6. Аманжолов Қ. Өлеңдер мен поэмалар. – А.: Раритет, 2006, 256 б.

ҒТАХР: 14.35.09

Ғ.Қ. Хасанов, М.Ә. Жаледден

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, hasan.gabit@mail.ru, jaledden@mail.ru

КОГНИТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ: ШЕТ ЕЛ ҒЫЛЫМЫНДА

Ғылыми білімнің салалары бір-бірінен толығымен оқшау өмір сүрмейді, бірақ үнемі өзара әрекеттесіп, жаңа қиылысу нүктелерін ашып, жаңа ғылыми бағыттарды қалыптастырады. Қазіргі тіл білімі бірнеше ғылымдардың өзара байланысы мен синтезі нәтижесінде пайда болған бірқатар ғылыми бағыттардың болуымен сипатталады. Тіл білімінің кейбір шекаралас салаларына әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. жатады. Бірақ когнитивтік лингвистиканы жоғарыда аталған пәндермен бір қатарға қоятын статусын басқаша анықтау керек.

Бір жағынан, когнитивтік психология, антропология, жасанды интеллект сияқты салаларды модельдеумен қатар когнитивті пәндерінің бірі болып табылады және өзіндік ауқымы кең зерттеу пәні болып табылады. Бұл туралы орыс ғалымы Е.С. Кубрякова былай деп жазады: «Когнитивтік лингвистика – лингвистикалық бағыт, оның назарында тіл жалпы когнитивтік құрал ретінде – ақпаратты бейнелеуде және түрлендіруде рөл атқаратын белгілер жүйесі болып табылады» [1]. Екінші жағынан, когнитивтік лингвистика жеке лингвистикалық бағыт қана емес, сонымен қатар тіл білімінің алдына жаңа міндеттер қойып, басқа, сабақтас лингвистикалық салалардағы мәселелерді шешу жолдарын ұсынатын білімнің жаңа ғылыми парадигмасы болып табылады. Когнитивті

психологияның зерттеу нысанын айқындауда функционалды зерттеу аумағында қарастыру мәселелері де белең алды. Алайда, зерттеушілер А.А. Кибрик пен В.А. Плуноянның пікірінше: «Мазмұны мен көзқарасы бойынша когнитивтік лингвистика, әрине, функционализмнің бір бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Дегенмен, қазіргі американдық лингвистикада қалыптасқан классификацияға сәйкес, функционалдық және когнитивтік лингвистика үйлесімді, бір бағытта болғанымен, олардың зерттеу нысандары екі түрлі» [2].

Ал, Формальды лингвистиканың көзқарастарына қарама-қарсы гносеологиялық көзқарастарға сәйкес (сипаттама емес, лингвистикалық фактілерді антропоцентристік позициялардан түсіндіру), когнитивтік лингвистика функционалдықпен тоғысады. Жалпы әдіснамалық көзқарас зерттеушілерге когнитивтік лингвистика туралы функционализм шеңберіндегі бағыттардың бірі ретінде айтуға немесе когнитология мен функционализмді біртұтас когнитивтік-функционалдық парадигма ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алайда, нақтылайтын болсақ Тілді білдіру құралдарының мақсатты жүйесі ретінде қарастыратын және телеологиялық принципті (тілдік құбылысты қолданудың мақсаттылық принципі) зерттейтін функционалдық лингвистика адамның коммуникативті әрекетін және тілдік бірліктердің контекспен және тіл бірліктерінің өзара әрекетін зерттейді. Ал, когнитивтік лингвистика білімді өңдеу, сақтау және пайдалануды реттейтін ішкі, бақыланбайтын процестерді қарастырады, тілдік белгілердің көмегімен дүниені тану жолдарын зерттейді. Яғни, белгілі бір шарттылықпен функционалдық лингвистика тілдің экстраверттік идеясына, ал когнитивтік лингвистика интровертке бағытталған деп айта аламыз.

- диалогичность текста (возможность использования текста как источника культуроведческой информации, соотнесенность ее с подобным элементом культуры своей страны, и проблем для обсуждения, создания коммуникативных ситуаций).

Сформированность межкультурной компетенции позволяет участникам интеркультурного общения постичь чувства и мысли другого народа, помогает преодолеть негативное отношение к иной национальной культуре.

Кроме того, межкультурная компетенция способствует более глубокому осознанию собственной культуры в сравнении с культурой изучаемого языка.

Литература

1. Беспалько В.П. Коммуникативное поведение в структуре национальной культуры // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996.
2. Плужник И.Л. Формирование межкультурной коммуникативной компетенции студентов гуманитарного профиля в процессе профессиональной подготовки: автореф. докт. пед. наук. – Тюмень, 2003.
3. Муратов, А.Ю. Использование проектного метода для формирования межкультурной компетенции [Текст]: сборник научных трудов / Муратов, А.Ю. Высшее образование сегодня. – Интернет-журнал «Эйдос», 2005.
4. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.

МРНТИ: 14.91

А.Н. Койлыбаева, А. Чушекowa, Э. Ахметжанова, Н. Салимова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» KeaK, zhalgas_03@mail.ru
Үржар ауданы Көкөзек ЖОББМ

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Жаһандануға түбегейлі бет бұрған бүгінгі қоғамда әлемдік аренадағы өзара экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік қатынастармен қатар ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастар да аясын кеңейтіп, нығаюда. Осы бір әлемдік үдерістен кеш қалғысы келмегендер бүгінде ел игілігіне еңбек ету мақсатында шекара асып білім алып, тіл меңгеруде. Қоғамда өз орнын тауып, өзге ұлтты тереңірек білу үшін тек оның тілін біліп, сол тілде сөйлей білу жеткіліксіз екендігін өмір өзі дәлелдеді. Мұның өзі лингвистикадағы антропоцентристік парадигма аясында қарастырылатын жаңа лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация бағыттарының қалыптасуына алып келді. Мәдениетаралық қарым-қатынас екі құрамдастанан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі қарым-қатынастың әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады.

Сонымен қатар қарым-қатынастың сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Қарым-қатынастың төмендегі түрлерін атап көрсетуге болады: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының негізгі зерттеу объектісі-әр түрлі ұлт, халықтардың мәдениет ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы маңызды айырмашылықтардың қатарына тіл, вербальды емес кодтар, дүниетаным, рольдік өзара қатынастар, ойлау моделі секілді параметрлер кіреді. Мәдениетаралық қарым-қатынас өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың, кейбір сөйлеу амалдарының қиындықтарының себептері мен факторларын, аудармашылардың тіл ерекшеліктерін, сондай-ақ қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарына дейінгі мәселелерді де қамтиды [1].

Мәдениет деген ұғымның түп тамыры адамның мінез-құлқы мен адам мен қоршаған ортаның әлеуметтік, географиялық, мәдени, өндірістік және арасындағы өзара байланысты зерттейтін социология, психология, антропология сияқты ғылымдармен ұштасады. Мәдениет әмбебап және белгілі бір ұлт үшін бағдарламаның айырықша үрдісі ретінде қарастырылады. «Мәдениет» ұғымының қалыптасуы көп сипатталған. Латын текті *cultio* және *culteci* сөздер ежелгі Рим құжаттарындағы сөздер өңдеуді білдіретін және ауыл шаруашылығында қолданылатыны белгілі. Этимологиялық жағынан латын тілде ежелгі *colere*- етістігінің бастапқы мәні «жер өңдеу» болған, ал кейін –

«сыйлау», «қадыр тұту» деген ұғымға ие болды. Римдік мемлекеттік қайраткерлерде мәдениет жаңа мағыналармен ауқаттана кеңі түсті. Келесі ғасырларда топырақтың өңдеуі туралы ғана емес, ақылдың дамытуы, білім және сенімнің артуы туралы енді сөз бола бастады. Пұтқа табынушылық ұлы діндеріндегі адамның мүмкіндігін жанды және қабілеттілікті құдайға махаббат тәрбиесіне ауыстыру деген ойымен сипатталды. Философия және теология мәдениетке кіреді, оны жұтады, онымен жұтылады. Мәдениет ұғымына кейін *civils* – азаматтық, мемлекеттік латын терминінен шыққан өркениет ұғымы қосылады.

Мәдениет бұл – адамның қоршаған ортаны өзгерту қабілетімен байланысып, осы өзгертулер барысында пайда болатын заттардың жасанды әлемі, символдар, адам арасындағы қарым-қатынас адамның тағдыр характеристикасы болып табылады. Адам арқылы жасалынған және оған байланысты болатын барлық заттар мәдениет болып табылады. Ал әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынас орнатып түсінісуі мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуына негіз болды.

Бұл туралы ғалым Н.Н. Алиева мынадай дерек келтіреді: «Әр түрлі халықтар мен мәдениеттер байланысы мен өзара түсінісу мәселелерін зерттеудің айқын қажеттілігі жаңа бір ғылыми бағыттың – мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының алғашқы атауы *cross-cultural communication* – пайда болуына әкеп соқты. Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының негізін қалаушы, мәдениет және коммуникация арасындағы байланысты алғашқылардың бірі болып «коммуникация – бұл мәдениет, мәдениет – бұл коммуникация» деп дәлелдеген Э. Холлды атауға болады [2].

Мәдениетаралық қатысым теориясы өз бастауын 1954 жылы, Э. Холл мен Д. Трагердің «Мәдениет және коммуникация. Талдау моделі» «*Culture as Communication*» атты еңбегі жарық көрген кезеңнен алды деген ұғым қалыптасқан. Бұл еңбектің авторлары «мәдениетаралық қатысым» терминін адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше нүктесін білдіру үшін қолдануды ұсынған екен. Э. Холл бірнеше жылдар бойы, 1946 жылы АҚШ-та құрылған, мемлекеттік қызметкерлерді шет елдердегі қызметке даярлау Институтын басқарған. Институттың басты мақсаты әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынас проблемаларын қарастыру, мәдени ерекшеліктерінен туындауы мүмкін конфликттерді болдырмауға қатысты тәжірибелік ұсыныстар жиынтығын жасап шығару болған. Кейіннен, 1959 жылы басып шығарылған «Мылқау тіл» «*The Silent Language*» атты еңбегінде Э.Холл мәдениетаралық қатысымды жеке пән ретінде қарастыруды ұсынған екен. Е.Н. Нұрахметов «Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару» деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берді.

М.К. Тулекова «Мәдениетаралық қарым – қатынастағы тіл мен мәдениет ұғымы» мақаласында тіл мен мәдениеттің байланысын төмендегідей сипаттайды: Тіл-мәдениеттің айнасы, онда адамның маңайындағы нақты әлем ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық мінезі, әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі, моралі, нормалар мен құндылықтар жүйесі, әлем суреті көрінеді;

Тіл-мәдениеттің қамбасы, себебі белгілі халықтың жинақтаған барлық білімі, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде – фольклорінде, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталған; Тіл-мәдениетті жеткізуші, себебі ол ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Балалар инкультурация үрдісінде ана тілін үйренумен қатар алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибесін де меңгереді; Мәдениет-әлемді қабылдау құралы, сондай - ақ сол әлемнің құрылымы. Онда әр халықтың тарихының өзгешелігін танытатын бірегей, айрықша сипат бар.

Тілдік қатынас әр түрлі қоғамдық қатынастардың нәтижесінде адамдарға тән ойлау арқылы жарыққа шыққан сөйлесімнің тіл арқылы жүзеге асуы, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және елеулі функциясы. Ал мәдениетаралық коммуникация жай қатынас құралы емес, түрлі мәдениет иелерінің арасындығы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл – коммуникация үрдісіне культурологиялық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді. Ол түрлі тілдік қауымдастықтар өкілдерінің арасында өзара түсіністікті қамтамасыз ететін болғандықтан олардың тілдік және мәдени деңгейлерінің өзара тең дәрежеде болмаса да шамалас болғаны абзал. Түрлі мәдениет өкілдері арасындағы мәдениетаралық коммуникацияның тиісті деңгейде өтуі көбіне жағдаяттық контексте байланысты болады. Ұлттық мәдениет, ұлттық мінез-құлықтың көріністері

коммуникацияның арқасында өрнектеледі. Коммуникацияның ауызша және ауызша емес символдары белгілі бір халықты, оның сипаттарын, мәдениетін, салт-дәстүрін айқын сипаттап береді.

Мәдениетаралық коммуникацияда мәдени шекараның болуы негізді. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен әрбір коммуникант өзін және әңгімелесушісін «өзінікі» және «бөгде» деп қарастырады. Мәдениетаралық коммуникацияда коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуге тиіс. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі коммуникацияның әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады.

Сонымен қатар коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Мұның өзі коммуникацияның мынадай түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді: этникааралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Аталған түрлердің ішінен бұл мақалада мәдениетаралық коммуникация қарастырылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін мамандардың кәсіби әрекеті тұрғысынан қарастырсақ, «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымы өзге мәдениет өкілдерінің көзқарастары мен пікірлерін түсіне алу біліктілігі, өзінің іс-әрекетін түзету, қарым-қатынас барысында дау-дамайды болдырмау не шешу, түрлі құндылықтар мен нормалардың өмір сүруге құқы бар екенін мойындау [3]. Осының бәрі заманауи маман алдында тұрған талаптар. Ол кәсіби мобильдіктің, өмірдегі түрлі өзгерістерге дайындықтың негізі болады, маман иесін дүниежүзілік жетістіктердің стандарттарына ұмтылуды қамтамасыз етеді, коммуникативтік пен толеранттылықтың негізінде кәсіби өзін-өзі белсендіруге, дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік – қалыптасқан, толыққанды әлеуметтік, кәсіби, жағдаяттық тұрғыдан шетел тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі. Мәдениетаралық құзыреттілікке Бирам келесідей анықтама береді: «... the ability to interact effectively with people of cultures other than one's own». Ғалым М.Бирам әзірлеген мәдениетаралық құзыреттілік моделі әртүрлі қасиеттері, қабілеттері мен жеке дағдылары енген ең толық құрылым болып табылады. Осы модельге сәйкес мәдениетаралық құзыреті келесі бес элементтен тұрады:

- қарым-қатынас жасай алу (*savoir apprendre / faire*);
- білімі болуы (*savoirs*), түсіндіре және салыстыра алу (*savoir comprendre*);
- ашық-жарқын және өзара әрекетке дайын болу (*savoir etre*), мәдениетке сыни көзқарасы немесе саяси білімі болуы (*savoir s'engager*).

1. Ұстанымы – қызығушылығы және ашықтық, өзге және өз мәдениеті туралы теріс түсінік қалыптастырмау.

2. Білімі – әлеуметтік топтар, олардың сипаттамалары және өз елі мен әңгімелесуші еліндегі қызметі, әлеуметтік және жеке өзара іс-қимыл жалпы процестері туралы түсінік.

3. Талдау жасау және өзара байланыстыру түсінігі басқа мәдениетте құжатты немесе құбылысты түсіну және түсіндіре алу немесе өз мәдениетімен байланыстыру қабілеті.

4. Өзара әрекеттесу және мағлұмат алу дағдылары мәдениет және олардың практикада қолданылуы туралы жаңа білімді сіңіру үшін, сондай-ақ нақты жағдайларда өз білімін, ұстанымы мен дағдыларын қолдана білу.

5. Мәдени және саяси жағдайлардан хабардар болу өз және басқа мәдениетте іс-шаралар мен нәтижелерін белгілі бір өлшемдерге негіздеп сыни тұрғысыдан бағалау қабілеті.

Ресей ғалымы Г.Д.Томахин тілді және мәдениетті оқу барысында мынадай лексиканы меңгеру аса маңызды деп біледі:

1) реалиялар, белгілі бір мәдениетке тән тілдік бірліктер, бұл бірліктерде ұлттық мәдениет ерекшелігі айқын көрініс тапқан, мұндай тілдік бірліктер басқа тілдерде болмайды: – топонимдер /географиялық атаулар/; – антропонимдер /адамдар есімдері/; – ең алдымен тарихи және мемлекеттік

қайраткерлер аты-жөндері; – этнографиялық реалиялар: азық-түлік, киім-кешек атаулары, мейрамдар, көлік түрлері, ақша; – қоғамдық-саяси реалиялар; – білім беру жүйесінің реалиялары; – мәдениетке, яғни театрға, киноға, әдебиетке, музыкаға, сурет өнеріне байланысты реалиялар.

2) коннотативтік лексика, яғни мағынасы бойынша сәйкес келетін, бірақ мәдени ассоциациялар жағынан өзгеше лексика;

3) түпкі лексика, салыстырылып отырған тілде аналогы бар, бірақ ұлттық ерекшеліктері бар ұғымдар.

Мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігінің талаптары заман ерекшелігіне байланысты келесі практикалық мақсатпен анықталады.

1. Мәдениетарлық қарым-қатынасқа үйрету барысында материалдар шынайы өмір талаптарына сәйкестендіріліп, тақырыптар өмір тәжірибесіне сай іріктелуі тиіс.

2. Мәдениетарлық қарым-қатынасқа үйрету жасанды орта жағдайында жүргізіледі. Сондықтан нақты білім дағдыларды қалыптастыру мақсатында бөтен ел бейнесі шынайы сомдалу үшін жаңа түрлі әдіс-тәсілдер қолданылуы талап етіледі.

3. Өз мәдениетінің құбылыстарын жетік түсіне білу керек. Сонда өзге мәдениетті өз мәдениетімен салыстырмалы түрде түсінуге тырысу, ұқсастықтарын табу, саралау.

4. Білім беру стандарттары өз кезегінде тілдік материалдардың аутенттілігін талап етеді. Аутентті материал негізінде тілді мәдениет элементтерін қанық меңгере аламыз. Педагогикалық құбылыс ретінде «мәдениетарлық қарым-қатынас» ұғымының ерекшелігі білім беру мазмұнының өзгеруін, оқыту үрдісін ұйымдастыруда проблемалық, мәдени бағытталған формаларды қолдануды талап ететін білім берудің мәдениетарлық бағытымен байланысты және оқушылардың жеке және кәсіби қабілеттерін дамытуға көмектесетін субъектілердің педагогикалық қарым-қатынасының оқытылатын тіл нормаларына сәйкес диалогтылық деңгейін дамытады.

Тілді мәдениетарлық қарым-қатынас құралы ретінде оқушылардың оны түрлі жағдаяттарда дұрыс қолдана білу біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылады. Ең алдымен мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімділігі оқыту үрдісінде түрлі әдістемелік амал-тәсілдерді ұтымды пайдалану білу өзегінде жатыр. Бүгінгі ағылшын тілі пәнінің басты міндеті оқушылардың мәдениетарлық коммуникативтік біліктілігін дамыту. Мәдениетарлық қатысым теориясы шет тілінен білім берудің қазіргі парадигмасын жүзеге асырушы концептуалды практикалық тұғырнама ретінде когнитивтік-лингвомәдени әдіснамаға негізделеді, түрлі кәсіби шынайы жағдаяттарда мәдениетарлық қатысымды қамтамасыз ете алатын «мәдениетарлық қатысым субъектісін» қалыптастырып әдіснамалық теория сипатына ие болады.

Осы орайда оқушыларды жан-жақты терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оларға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру [5]. Мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыра оқытуда интерактивтік тәсілдер, ойындар, пікірталастар, ақпараттық, инновациялық технологиялар, интернет, компьютердің көмегі орасан. Оқытудың ақпараттық технологиясы ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдері, бағдарламалық және техникалық құралдар кино, аудио, видеокұралдар, компьютер, телекоммуникация желілері. Шеттілдік білім бере отырып оқушының мәдениетарлық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мына параметрлер бойынша іске асуы тиіс:

1) басқа мәдениет өкілімен қарым-қатынас барысындағы тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін білу;

2) эквиваленттік және эквиваленттік емес лексиканы меңгеру;

3) мәдениеттанымдық мағлұматтарды білу;

4) шет тілінде ана тілінің реалияларын түсіндіре алу. Мәдениетарлық қатысым жағдайларында мәдениетарлық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын жаттығуларды неміс зерттеушілері Хойсерман мен Пипо мынадай топтарға бөледі:

а) қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар

ә) тілдік рефлексия қалыптастыруға бағытталған жаттығулар

б) мәдениеттерді салыстыруға бағытталған жаттығулар және

в) мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жаттығулар. Мәдениетаралық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретін коммуникативтік мен ғылыми-зерттеу сипатындағы жаттығулар болуы тиіс. Бұл жаттығулар төмендегідей сипатқа ие:

- Нақты ел мәдениетіне мүмкіндігінше жақын диалогтық жағдайларда тілдік бірліктерді және грамматикалық құрылымдарды пайдалану (мысалы, әуежайда, мейрамханада, дүкенде);
- Қажетті техникалық құралдар бар болғанда шетелдік мәдениет өкілдерімен байланысу;
- Аутентті материалдарды – баспа материалдарынан бастап фильмдер мен оқытылатын тіл елдерінің ұлттық арналардада берілетін жаңалықтарға дейін лингвистикалық және лингвоелтанулық талдау.

Оқушылар бойында мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімді әдістеріне ойын технологиясын, проблеммалық оқытуды жатқызуға да болады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, қазіргі заманауи техникалық құралдардың мүмкіндіктері мен инновациялық мүмкіндіктерін ұштастырып оқыту мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін үйретуді ұйымдастырудың ұтымды тәсілі болмақ.

Әдебиеттер

1. Нұрмұхаметов Е.Н. Мектептегі шет тілі журнал № 1(31)қаңтар-ақпан 2008 ж. 18-21 б.
2. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы – А.: «Эдельвейс» баспа үйі, 2010 – 106 б.
3. Витлин Ж.Л. Эволюция методов обучения иностранному языку в XX веке /Ж.Л. Витлин // Иностр. языки в школе. – 2001. – № 2. – С. 23-29 б.

МРНТИ: 16.31.02

Ш.К. Корпебаева

№ 29 орта мектеп «Пальмира», ШҚО, Семей қаласы, really_85@mail. ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ КӨШУ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР

"Қазақ тілі-біздің рухани өзегіміз. Біздің міндетіміз-оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының тәжірибесіне үйлесімді түрде қосылатын қазіргі заманғы тіл қалдыруымыз керек.

Біздің егемендігіміз, тәуелсіздігіміз ұлтты бекемдеп, оны бекемдей түсетін – бұл ана тілі. Бұл біздің мемлекетіміздің егемендігінің тәжіндегі басты гауһар.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, ұлт көшбасшысы қазақ тілін латын графикасына көшіру процесі жақсы дайындалған және сараланған болуы тиіс деген. Латын әліпбиіне көшу заман талабы, бұл біздің әлемге кірігуімізге, ағылшын тілі мен интернет тілін жақсырақ үйренуімізге жағдай жасайды. Осы педагогикалық идеяның жаңашылдығы және құндылығы ретінде латын әліпбиін жаңа қырынан зерттеу және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасап сіздерге ұсыну.

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін оқу мен дәріптеу және насихаттау.

Оқушылардың бойында латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі жайлы еңбектерін құрметтеу дағдыларын қалыптастыру;

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі жайлы құндылықтарын дәріптеу;

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін танымдық тұрғыдан зерттеу.

Ғылыми жұмысты жазу барысында осы уақытқа дейін ғылыми айналымға тартылмай келген баспа сөз материалдары мен тарихи түрлі әдебиеттер, интернет ақпараттары, ғылыми зерттеулердің мәліметтері сұрыпталып алынды.

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігі арқылы оқушылардың өзін өзі тәрбиелеуі және зияткер ұрпақтың қалыптасуына тарихи көмек.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен тақырып ерекшелігіне байланысты әдеби-тарихи, жүйелі-сипаттамалық, баяндау, салыстырмалы талдау мен жинақтау, жүйелеу және оны түсіндіру әдістері қолданылды.

Латын әліпбиі заман талабы және оны үйренудің қарапайым тәсілдерін 3D анимациялық сюжеттерде жасаудың эксперименттік ерекшелігін танымдық тұрғыдан зерттелуі.

Латын әліпбиіне көшу-заман талабы. Ұлы Дала тарихына көз жүгіртсек, бірінші орында – байлық, екінші орында – тіл, үшінші орында-мемлекет және оның тарихы болу керек.

Ахмет Байтұрсынов, ғалым-педагог, "Ұлттың сақтауына иә, жоғалына да себеп болатын нәрсенің ең қуаты – тілі" деді.

Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазбаша түрде қолданған. Бұл біз үшін таңқаларлық емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиіне көшу ұлт санасының құлпын ашады, бізге түркі және жаһандық әлеммен интеграциялануға, ежелгі әліпбиге оралуға және ұлттық санамызды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі компьютерлік ғасырда латын әліпбиінің үстемдігі жақсы белгілі. Электрондық поштаның әріптері мен паспорт нөмірлері және машина нөмірлері де латын тілінде. Алайда латын әліпбиі бізді таң қалдырмайды [1].

Біздің ғалымдар латын әліпбиінің көмегімен тілдің тазалығын, қосымша символдар мен емлелерді қолдануды, ережелерді қысқартуды, ең бастысы, халықаралық мәртебеге ие болу мүмкіндігін қолдайтынымызды атап өтті. "Тіліміздің тазалығын қамтамасыз ету және оның тіл үйренуін жеңілдету үшін осы бастаманы қолдау және жүзеге асыру біздің қолымызда.

«Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егерде біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе».

Жасыратыны жоқ, «кеңестендіру» саясатының ХХ ғасырдың 70-жылдары Қазақ Республикасында қатты күш алғаны белгілі. Алдымен қазақтың қалаларын «орыстандырды». Сол себептен, ана тілімізді алғашқы менсінбеушілер қала қазақтары болды. Өйткені олар сол тілді игергендіктен, дүниені сол тіл арқылы танығандықтан, соның шырмауынан шыға алмай қалды. Кеңес билігі қазақтың қалаларындағы жергілікті халықтың санын арттырмау саясатын ұстанды.

Екіншіден, олардың тілді менсінбеу себебінің түп төркіні одан да тереңде. Мәселен, Кеңес Одағы кезінде қазақтарға қалада тұруға шектеу салынды, олардың тек 20 пайызына ғана рұқсат етілді. Ал сырттан келгендер болса, төмен қызметтерге қабылданды, баспанасы болмады. Сол себепті қалалықтар оларға үстем көзқараспен қарады. Ал ауылдан келген қазақтың балалары ортаға бейімделу үшін қисыны келсін, келмесін басқа тілде шүлдірлей бастады. Құдайға шүкір, тәуелсіздік жылдары жергілікті халық өз елінде негізгі өндірістің жұмысшы күшіне айналды. Олардың зиялы қауым санатына көтерілу деңгейі де қарқындап дамып келеді. Дегенмен, күні бүгінге дейін билік сатыларында тәуелсіз жылдары дүниеге келсе де қазақша бір ауыз сөз қақпайтын, не шала сауатты будан буынның өкілдері де кезігіп қалады. Олар әу баста ана тілін бойына сіңірмеген соң, рухани кембағал болып қала беруде. Тіпті осы тәуелсіздікпен түйедей құрдас жиырма бес жастағы жастардың қазақша білмеуін немен және қалай түсіндіруге болады?!

Қазақтың тілі туралы сындарлы еңбек жазған алаш азаматтарының бірі Х. Досмұхамедұлы (1883-1939): «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілдің заңымен айтамын деп шатасады» – дейді. Ал, дәл қазіргі ұрпақ оқуды өзге тілде бастап, кейіннен ана тілде сөйлеймін деп шатасып жүр. Сондықтан, бұл мәселе әліпби

таңдаумен ғана шешіле салайын деп тұрған жоқ. Ол үшін алдымен 1957 жылы іргесі қаланған «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін» өзгерту керек.

Бүгінгі күні латиницаға өтуге мұқтаждық бар. Латиницаға көшу мәселесі бірінші болып тәуелсіздік алған жылдары бір көтерілді. Қазақ қоғамы екінші мәрте аталмыш мәселені 2005-2007 ж.ж. тағы бір көтерді. Елбасы «2025 жыл» деп нақты мерзім белгілегеннен кейін, «латын әліпбиіне көшкен дұрыс па, бұрыс па?» деген сауал төңірегінде 20 жыл бойы жүрген көкезу талқылау тыйылып, бұл маңызды іс бір табан ілгері басты.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдауды жүктеді.

Кенес дәуірінен күні бүгінге дейін беталды еніп жатқан барлық кірме сөздер үндестік заңына бағынуы тиіс. Ал, енді ол қалай жүзеге аспақ?

Тіл тарихын білмей, тілді дамыту мүмкін емес. Сондықтан, жауапты бұрынғы жазба деректермен ұштастыра отырып табуымыз ләзім деді.

1937-38 ж.ж. қуғын-сүргіннің құрбаны болған қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының латын әліпбиін негізге ала отырып қазіргі заманауи нұсқасы жасалды.

Латын негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі болу керек пе, жоқ па? Жақында бұл мәселе ауада бір жерде болып, кейде бұқаралық ақпарат құралдарында өзін еске түсіріп, қоғамның санасын қысқа уақытқа қозғап, содан кейін уақытша кеңістікте жоғалып кететін сияқты.

Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы жаңа әліпбидің бірнеше жобасын енгізгеннен кейін қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуін талқылау жаңа белеске көтеріліп, проблеманы шешудің ауырлық орталығын қазақ тілінің орфографиясы саласына көшірді.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын білдіретін тоғыз әріптің (жаңа әліпби бойынша олардың сегізі болды) "тағдыры" жұртшылықтың басты алаңдаушылығын тудырды.

Жүз жыл бұрын қазақ жазуы латын әліпбиі бізге араб графикасын алмастырған кезде осындай реформаны бастан өткергені белгілі. Қазақ жазуын ауыстыру бойынша алдыңғы науқандардың қалай өткенін білу, сондай – ақ өткен және қазіргі кездегі қазақ әліпбиі мәселелерін талқылаудың негізгі сәттерін салыстыру үшін оқырмандарға отандық тарихтың сол тарихи кезеңінде қысқаша белгілеп, қысқаша экскурсия жасауды ұсынамыз: араб графикасы – латын әліпбиі-кириллица.

Қазақ АССР Орталық Атқарушы комитетінің (ҚазЦИК) 1928 жылғы 14 желтоқсанда жаңа әліпби енгізу туралы декрет қабылдауына Орта Азия елдерінің ұзақ және қызу пікірталастары, түркітанушылардың съездері, республикааралық кеңестері себеп болды.

Бірақ Қазақстанда 1924-1927 жылдары консерваторлар (арабистер) мен Новаторлар (латинистер) арасында өткен пікірталасқа тоқталғым келеді, өйткені олар қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа әліпбиге қатысты барлық жағымсыз және жағымсыз мәселелерді талқылауға шақырылған болатын.

Ең қызығы, сол кезде және қазіргі уақытта жаңа әліпбиді әзірлеу және енгізу жөніндегі іс-шараларда көптеген ұқсас сәттер, ситуациялық және ұйымдастырушылық жағдайлар бар.

Бұл жерде сол кездің де латындандыру жөніндегі науқан Қазақстанға басқа түркітілдес одақтас республикаларға қарағанда салыстырмалы түрде кешірек келгенін атап өткен жөн [2].

Бұл сол кезде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып Ахмет Байтұрсынов әзірлеген араб графикасы негізіндегі жақсы ойластырылған және ғылыми негізделген әліпбидің болуымен түсіндіріледі. Онда түрлі оқулықтар, халықтың сауатсыздығын жою жөніндегі құралдар жарық көрді, соның арқасында ағарту саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Байтұрсыновтың әліпбиі халық арасында "төте жазу" деген атпен бекітілген, оны көбінесе Қытайда және қазіргі уақытта шетелде тұратын отандастарымыз қолданады.

Ахмет Байтұрсынов латын әліпбиіне көшуге қарсы шығып, өз ұстанымын келесі түрде білдірген: "біз, казактар (1936 жылға дейін қолданылған "казактар" атауының дұрыстығын сақтау мақсатында түзетусіз беріледі), өз сөзіміздің негізгі элементтерін баяғыда анықтап, оларды тиісті

белгілермен белгіледік, жақсы жазамыз, жақсы оқимыз, грамотаны орыстар, немістер, француздар, ағылшындар және басқаларға қарағанда әлдеқайда жеңіл және тезірек меңгереміз. Неге бізге тағы? Жоқ, олар бізге қаріпімізді латын тіліне ауыстыру керек дейді, өйткені біздің қаріпіміз біздікі емес – араб..." деді.

Өз пайымдауларына негізделе отырып, сондай-ақ тіл саласындағы кейбір әлемдік ғалымдардың тәжірибесін ескере отырып, Ахмет Байтұрсынов пікірталасқа қатысушылардың алдына мынадай сұрақтар қояды: осы тілдің негізгі сөйлеу элементтерін толық бейнелеу үшін қаріптің осы немесе басқа жүйесі қаншалықты жарамды, қандай жүйе бойынша баспа және қолжазба мәтіндері оқылады, қай жүйе бойынша тезірек жазылады және жазылғаны жақсы түсініледі, қандай қаріп жүйесі типографиялық техника үшін неғұрлым ыңғайлы болып табылады, қандай жүйе сауаттылықты оқыту үшін – басылған, қолмен жазылған мәтіннің сұлулығы және көзге "гигиена" деді.

Ахмет Байтұрсынов бастаған "арабистер" Араб жүйесіндегі қазақ тілінің дыбыстарын белгілеуге арналған таңбалар қоры латын тілінен гөрі анағұрлым қолайлы, өйткені қазақ тілінің дыбыстарын белгілеуге арналған Араб жүйесіндегі 19 белгі жазу мен дыбыстық мағынасын өзгертпей, 5 белгі жазу мен мағынасын өзгертпей алды. Латын алфавитінде 15 әріп стильді өзгертпестен және 7 әріп стилі мен дыбыстық мағынасын өзгертпестен қызмет ете алады. Ал қазақ тілінің дыбыстарына сәйкес келетін белгілер жоқ және әріптер ойлап табылған...". Сонымен бірге, латинистерді мәселенің ғылымилығына назар аударуға шақыра отырып, "бас арабист" бір жағынан Латын әліпбиі Батыста бар түрінде түркі тілдерінің дыбыстық құрамын 25-30 пайызға қанағаттандырмайтынын және оны түркі халықтарының дыбыстарына бейімдеу үшін реформа қажет екенін атап өтті.

Бұл, өз кезегінде, қосымша белгілерді толтырмай дайын қаріптің бірде-бір жиынтығын және тиісті өзгертулер енгізбестен бірде-бір баспа машинкасын пайдалануға болмайды дегенді білдіреді.

Латынға негізделген жаңа жазуға көшудің негізгі жақтаушысы, сондай-ақ идеялық шабытшысы Телжан Шонанов болды, ол араб қарпіне қарсы мынадай дәлелдер келтірді: "бұл әліпбидің басты кемшіліктері мынадай: диакритикалық белгілерді пайдалану, бір әріп үшін 3-4 суретті қолдану (сөздің басында, ортасында, соңында және бөлек), оқуға арналған кескіндердің анық еместігі; оңнан солға қарай жазу, типографиялық жұмысты қиындататын және жаңа терілген машиналарды қолдануға мүмкіндік бермейтін хат: ноталарды, ғылыми формулалар мен ұғымдарды араб қарпімен; жазу процесінің баяулататын әсері, қазақ тілі дыбыстарының жеткілікті дәл берілмеуі, араб әліпбиімен ғылыми транскрипцияның мүмкін еместігі; терушілердің еңбек өнімділігінің төмендеуі, баспаға көмекші құралдарды пайдалану...".

Сондай-ақ, латинистер "баспа өндірісінде арзан және оңай қолданылатын, оқуға оңай сіңетін және жазуға ыңғайлы әліпби жақсы" деп санайды. Мұндай алфавит, қандай атау болса да, жұмысшылар үшін қорқынышты бола алмайды және болмауы керек..." деді.

Жаңа-қазақ әліпбиінің төңірегінде қалыптасқан жағдайды 1927 жылғы 25 мамырдағы келесі құжаттан білеміз: "латинистер қаншалықты жігерлі жұмыс істейді, қазақ әдебиетшісі және ғалымы Байтұрсынов бастаған қазақ зиялыларының бір бөлігі араб әліпбиі үшін соншалықты табанды күреседі. Қызыл-Орда арабистер мен латинистердің қиян-кескі күресінің алаңы бола отырып, әлі де белгілі бір нәрсеге бел буған жоқ. Бірақ соңғы уақытта Қазақстанның түрлі қалаларында латинистер өткізген баяндамалар мен жиналыстардан кейін Қазақ үкіметі жаңа әліпбиге сәл ықыласпен қарай бастады. Енді Қазақстандағы жаңа әліпби туралы мәселе Үкімет осы мәселеге өзінің көзқарасын түпкілікті айқындауы тиіс, академиялық даулар жазықтығынан мәселе іс жүзінде жүзеге асыру жазықтығына көшірілуі тиіс кезеңге жетті...".

Мәселен, Республика Үкіметінің қаулысы бойынша 1927 жылғы 19 маусымда жаңа қазақ әліпбиінің орталық комитеті (ҰҒА ОК) жұмыс істей бастайды, ол 1937 жылға дейін, яғни басқа жазбаша графиканы – кириллицаны енгізу сәтіне дейін жұмыс істеді.

ҰҒА Орталық Комитеті қазақ тілінің сингармонизмі, латын тілдерінің жалпы қабылданған стильдері мен мағыналарын ерекше қажеттіліксіз бұрмаламау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, белгілердің түркі тілдерінің ұқсас дыбыстарына сәйкестігін сақтай отырып, латын негізіндегі жаңа

қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуде. Бұл жоба 1928 жылы 12 желтоқсанда Қызылорда қаласында (сол кезде Қазақ АКСР астанасы) өткен латинистер жақтаушылары конференциясына қатысушылардың қарауына ұсынылды.

Басқа түркі тілдес республикалардың шекарасын біріздендіру мақсатында конференцияға қатысушылар қызу талқылаулардан кейін жаңа қазақ әліпбиінің келесі әріптерін өзгеріссіз қалдыру туралы бірауыздан пікірге келеді:

Латын әліпбиіне көшкенде ұтатын тұстарымыз мыналар:

Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі, яғни тіліміздегі жат дыбыстарды таңбаларды қысқартып, қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге, яғни компьютерлік жаңа технологиялар кеңістігіне шығуына жол ашады.

Үшіншіден, жалпы түркі дүниесі негізінен латын әрпін қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты күшейтуіміз керек.

Қазіргі заман талабы болып тұрған латын әліпбиіне шығу арқылы, халықаралық аренада жаңа беделге ие боламыз. Яғни біздің ұлттық кодымыз, тарихымыз, тіліміз әлемдік беделге ие болар тұстары көп болары сөзсіз. Ұлы даналарымызбен шешендеріміз, тарихи тұлғаларымыз жаңа қырынан тағы бір зерттеліп латын әліпбиіне жазылу арқылы әлемдік әдебиет беттерінен табылатыны сөзсіз айқын. Латын әліпбиін зерттеп жатқан сала мен маман әрине көп. Әркімнің өзіндік идеясы мен болжамы бар дегендей.

Педагогикалық идеяны қорытындылай келе латын әліпбиіне көшу – Қазақстан үшін тарихи қажеттілік, бұл әлемдік ғылыми және технологиялық үдерістерге интеграцияланудың тағы бір мүмкіндігі екендігін тұжырымдадық.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – саяси мәселе емес, уақыт талабы деп есептейміз жетекшіміз екеуміз.

Ақпараттық технологиялар ғасырында біз уақытпен бірге қадам басуымыз керек.

Бұл жағдайда кириллица алфавиті біздің өмірімізден мүлдем жоғалады деп қорқудың қажеті жоқ.

Біріншіден, Қазақстанда ресми тіл болып табылатын орыс тілі бар. Екіншіден, барлық кітаптардың, энциклопедиялардың ескі нұсқалары қалады. Уақыт өте келе олардың барлығы латын әліпбиіне ауыстырылады, бірақ ескі нұсқалары сақталады.

Сонымен қатар, көп ұзамай латын қарпімен шығарылған кітаптар еліміздің кітап қорының ажырамас бөлігі болады. Қоғам жаңа әліпби бойынша жаңа оқулықтарды оқи бастайды және жаңа биіктерге жету жолында батыл қадам басады дегім келеді.

Сондай-ақ, біз жақын арада латын қарпіндегі газеттер мен журналдар жарыққа шыға бастайды, яғни біздің азаматтарымыздың сұранысына ие баспа құралдары және адамдар қазірдің өзінде тілді өз бетінше меңгере алады деген сенімдеміз. Бұл өте қиын емес. Дағдылар өте тез келеді.

Латын әліпбиіне көшу бағытында түрлі маман салалары да жұмыс жасауда. Ал педагогикалық идеяның құндылығыда осында, осы уақытқа дейін тың зерттелмеген деректермен идеяның болжамын нақтылай түстім. Осы орайда латын әліпбиінің біздің елде тез дамуына үлес қосу мақсатында жасаған 3D анимациялық сюжеттік бағыттағы латын әріптерімен жасалған бейнелер ортамызда сұранысқа ие болды. Және қоғам арасында сұранысқа ие болатынын тәжірбие барысында анықтадық.

Әдебиеттер

1. А. Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жиынтығы. – Т.4. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Ел – шежіре», 2013. – 384 бет.
2. Ә. Жүнісбек «Төл әліпби – төл жазу мәселелері» Алматы: Дайк – Пресс, 2017ж. – 232 бет.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құраст.: Тоғысбаев Б. Сужикова А. Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2009.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 420 б.
5. Әліппе айтысы. – Құрасырғандар: Мәжітаева Ш. Қарағанды, 1990.
6. <https://www.renderforest.com/ru/template/3d-explainer-video-toolkit>

Г.Н. Молтабаева, А.С. Садыкова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей», gulzada_90@list.Ty s-aizhan1984@mail.ru

PROJECT METHOD AS IMPLEMENTATION OF THE PROGRAMM OF INTERCULTURAL COMMUNICATION

The globalized economy requires people to have good intercultural communication skills in order to be able to work effectively with people from different cultures in various spheres such as work environment, education, tourism, etc. effective with people from other cultures in various settings such as work environment, education, tourism, etc.

The project method

– is a way to achieve didactic aim through a detailed development of a problem (technology) which should achieve a very real, tangible practical result (Prof. E. S. Polat);

– this is a set of techniques, measures taken by students in order to achieve the set task – problems associated with obtaining by students and designed in the form of a final product.

– Originated in 20th century in the USA.

– It was introduced by an American philosopher and his adherents J. Dewey H. Kilpatrick. E. Collings and declared the principle of "learning by doing"

The main purpose of the project method is the possibility of self-acquisition of knowledge in the process of solving practical problems or tasks that requires broad knowledge from various subject areas. If we consider the method of project as a pedagogical technology then it involves a combination of research and problem methods. The role of the teacher in the project is assigned to the developer, coordinator, expert, consultant.

The project method is based on the extension of cognitive skills of students who are able to expand independently their knowledge and develop critical and creative thinking.

The following competencies are formed in the process of project activities:

- reflective skills
- search (research) skills
- ability and skills to work collaboratively
- management skills and abilities
- communication skills
- presentation skills [1]

Outlines of project work:

1. Variability (use of individual, pair, group work).
2. Problem solving (using the ability to think; reasoning, focus on the content of the statement).
3. Cognitive (conscious) approach to grammar.
4. Teaching with enthusiasm. Having fun is one of the main conditions for effective learning.
5. Personal factor (the ability of students to express their own ideas, tell about themselves, their lives, interests, hobbies).
6. Authentic material (tasks must be within his power, correspond to the learning level). [2]

It is essential to describe the main stages of the project work in order to teach them to students in a right way:

1. Definition and development of the topic: learning vocabulary, grammatical structures, listening and reading texts on the topic, activating the material in lexical and grammatical exercises
2. Discussion of the project topic: search for answers to problematic issues.
3. Development of the project plan

4. Distribution of tasks, roles: the formation of creative groups, each group must be responsible for a certain region of Great Britain (Ireland, Wales, Scotland and England), the distribution of tasks between members of the group.

5. Discover additional information: search and selection of material in various sources, use of authentic materials (at least 1) for greater reliability of data.

6. Designing the project in Power Point

7. Project Presentation

8. Discussion of the project and summarizing: Reflection. After the project presentations, a general discussion is needed, according to the plan prepared by the teacher. [3]

Project method is successfully used in our college. We would like to share our experience in organizing the work by means of this method. To conduct the lesson we need curriculum which helps to implement the purpose of using modern technologies in foreign language teaching. This method is realized by using presentations. We have practical lessons (practice) where students protect their presentations. The themes of the lessons are versatile they develop speaking skills as well as students' outlook.

Table 1

2 course	Раздел 1. Shoplifting. Crime Раздел 2 .Gluttony. Food. Cooking and restaurants. Раздел 3.Get-Rich-Quick Scams. Business and finance. Sales and marketing. Раздел 4.White-Collar Crime. Crime 5. Panel discussion of the learnt material. Раздел 6.The Homeless. Poverty: the haves and the have nots. Раздел 7. Beauty Contests. Describing people's appearance. Раздел 8. Drug Trends. Health: illness and disease. Health: injuries Раздел 9. Nature. Pollution and the environment 10. Panel discussion of the learnt material.
3 курс	Раздел1. 1.Reality TV. Cinema and theatre. Television. Раздел 2.Violence in Sports. Vocabulary Revision Раздел 3. Advertising. Advertising. Раздел 4.Work. Work: duties, conditions and pay. Jobs. Panel discussion of the learnt material Раздел 6. Internet Dating. The media: Internet and e-mail. Раздел 7. Anger. Human feelings and actions. Раздел 8. Education. Education: school. Education: university Раздел 9. Child Labor. Aspects of industrialization. 10. Panel discussion of the learnt material
4 курс	Раздел 1. The Disabled. Vocabulary Revision. Раздел 2.Marriage.Relationship: positive aspects. Раздел 3.Immigration. Describing the world. Раздел 4. Business: Globalization or cultural imperialism? Technology and its impact. 5. Panel discussion of the learnt material

Table 1 shows the themes, which were chosen to implement the programme. Every course is ended by panel discussion. It is language acquisition lesson which shows the result of the work [5,6].

Project method is the final part of students' study as they defend the part of the diploma paper in English by presenting chosen material.

Table 2

	Other teaching methods	Project method
Time period	2006-2010	2011-2021
Result of students' knowledge	15 % of graduates work in foreign companies	33% of graduates work in foreign companies

Table 2 shows how using of project method influenced on increasing the rate of graduates who work in foreign companies and successfully use English. They can express their ideas easily and present any material because project method which is often used at the lessons develop search skills, ability to work collaboratively, management skills and communication skills.

In the period of globalization and intercultural communication there is the need to realize foreign language teaching and implementation it through project method.

List of references

1. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, – М.: Издательский центр «Академия», 2007.
2. Прокофьева Л.Б. Технологии организации и сопровождения поисковой деятельности – путь творческого развития ученика и учителя //Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сборник статей / Под общей редакцией к. пс. Н. А.С. Обухова. М.: НИИ школьных технологий, 2006. С.184
3. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению: Учебное пособие. – М.: «Ось-89», 2006.
4. English Vocabulary in Use, Elementary, CAMBRIDGE UNIVERSITY PRES, 2010
5. Hot Topics, Cheryl Pavlik, International Student Edition, 2010
6. Рабочая программа по учебной практике по получению речевых навыков в английском языке (по экспериментальному учебному плану), 2019

ҒТАХР: 17.09.91

Саят Мұқамия

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, sayat.mukamiya@mail.ru

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰРПАҚ САНАСЫНА ӘСЕРІ

Сан мыңдаған жылдар бойы дамып келе жатқан қазақ халқының тәлім тәрбиенің ғылыми педагогикадан айырмашылығы оның халық өмірі мен тәжірибелік бағытта екендігінде, ендеше ұлттық тәрбие дегеніміз-ең алдымен жанұядағы тәрбиенің қайнар көзінде жатыр.

Сүрлеуі бөлек қазақ әдебиетінің жоқтаушысы болған әрі оған өзгеше айшықты нәр берген, әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің бірі, ақын ағартушы Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрімнің көзқарастары туған халқының жас ұрпақты өсіру мен оқытып, тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген. Туған елінің өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілін іздеген, жеке тұлғалардың жан-жақты қамқорлық жасауды көздеген ақын өзі шыққан отбасының атасы Құнанбайдың тәлімін үлгі тұтты.

Шәкәрім фольклор арқылы қыз бала мен ұл бала тәрбиесіндегі ата-ана ролін, әке-шешеге деген балалардың сүйіспеншілігі, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен мән-маңызын тапты. Шәкәрім таза ұлттық ортадан шығып дала педагогикасын жаңғыртқан асыл тұлға. Шәкәрім осы жолда күллі Шығыс пен Батыс классик ақын-жазушыларының еңбектерімен жіті танысып, тауысып, тіпті мұсылманша мықты сауаттанған, түркі жұртшылығының терең тарихын саралай жадына тоқыған философ, әдебиеттің бірқатар салаларында көлемді шығармаларға қалам тартқан бегенайы бөлек қаламгер. Шәкәрімді ағартушы қырынан бөлек ақындық қыры арқылы да күллі қазақ даласы мойындайды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы халқымыздың қоғамдық ағартушылық, мәдени және әдеби өміріне белсене атсалысқан, ағартушылық, гуманистік идеяларды насихаттаған. Шәкәрім жөнінде жарық көрген зерттеу еңбектері мен әдебиеттерді жан-жақты талдай отырып, оның педагогикалық көзқарасын, ағартушылық қызметін, ақынның даралық ерекшеліктерін танытатын қасиеттерін

бағамдай келе ғылыми жүйеге келтіріп зерттеуді талап етеді. Ақынның адам санасына сіңіп, бойына тазалық пен инабаттылық дарытатын көркем шығармаларының тәрбиелік мәні зор. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанып, тәуелсіз ел болғанда туған халқымен қайта қауышқан Шәкәрім шығармаларын оқыту, оқытып қана қоймай, терең сырлы құпиясын ашып, оның адамдық, азаматтық құқық жайында жазған өлеңдеріне талдау жасау мектеп мұғалімдеріне үлкен міндет жүктейді. Бүгінгі таңда жасұрпақтарды адамгершілік асыл қасиетке, адалдық пен адамдыққа, парасат пен пайымдылыққа үйрету жоғары және орта оқу орындарында оқытылып үйретіліп келеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының азаматтық рухты жоғары көтерген, эстетикалық сезімге баулитын өлеңдерінің бірі-насихат. Аталған өлеңнің ойы тұнып тұрған өсиет, ақыл мен нақыл. Ақын жастарға өнер-ғылымға жету жолдарын көрсетіп, білімге шақырады.

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ,

Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт,

Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.- деген жолдарында ғылым мен білім, адамдық пен адалдыққа жеткізетін бірден бір құрал екенін айтып, шәкірттік пен ұстаздық арасын айшықтап көрсетеді. Ақынның өнерге, оқу-білімге, еңбекке, биік адамгершілік ойы мен көзқарасы үнемі Абаймен үндес келіп отырады. Шәкәрім ұлы хақім Абайдың жақын туысы, ақындық, адамдық мектебінде Абайдан өткен, сол себепті ақынның ойы мен шығармашылық жолы Абай есімімен байланысты әрі кеңінен орын алады.

Шәкәрім прозасында да тәлім тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық идеяларда мен мұңдалап тұрады. Шәкәрім жастайынан өзін-өзі тәрбиелей білген. Оның өмірлік ұстанымы-жан иесіне қиянат қылмау, бөгде адамға жаманшылық жасамау, адамшылықты, арды бұзатын барлық теріс қылықтардан тиылуға ерте бастан кіріскен. Ақын жас кезінде басынан өткізген істерді үнемі есіне алып, солардан сабақ алып өмірлік бағдарын айқындап отырған. Шәкәрім қазақ топырағында тәрбиенің негізін салған әл-фараби, Жүсіп Баласағұн, Абай Құнанбайлардың ізін жалғастырушы болып келді.

Жалпы көркем шығарма мақсаты – оқырман үшін белгілі бір ой, тұжырым үндеу. Оқырманға тағылымдық мән үстейтіндей тәрбиелі, ғибратты мансұқ етерлік идея тастау емес пе? «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Ал мұндай шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», – деп көрнекті жазушы, әдеби зерттеуші-ғалым, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев айтпақшы, Шәкәрімнің көркемдік-эстетикалық туындыларын жас буынға мәнін ұқтырып, ақының үнін сапалы жеткізе білу – үлкен жұмыс [1].

«Ұлтын сүйген ұлылардың» тізбегіндегі көш бастап тұрған Шәкәрім шығармашылығының сан қырлылығы, оның ақындығынан басқа, мәселен, ел басқарып, болыс болғандығы, тіпті Әл Фараби бабамыздың ғылымын меңгеріп, оны геометриялық заңдылығы тұрғысында, тік бұрышты үшбұрыштың есебін білегендігі, жекелеген мол кітапхана жүйесі болғандығы, неміс ғалымы профессор Маркс Кушинскиймен жақсы таныстығы, оның Шәкәрімге «Сахараның ойшыл ғалымы» деген теңеу бергендігі көпшілік үшін тың мәлімет.

Шәкәрім еңбек тәрбиесіне ерекше мән беріп келіп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы ең керектісі деп түсіндіреді. Еңбектің тек жеке адам өмірінде ғана емес, бүкіл адамзат дамуындағы тарихи маңызына көз жеткізе білген данышпан, себебі біз айтып жүрген «адамды еңбек түзеді» деген сөзді Шәкәрім ертеде түсінген болса керек.

Әрине, балаң білсе қадіріңді,

Орындап екі айтқызбай әміріңді.

Жасыңнан жаның сырлас жарың болса,

Қыл өткізбей білетін тамырыңды,-деп, адамның егде тартқан тұсында, баланың, жардың қызыметіне ерекше мән береді, оның тәлімдік-тәрбиелік тұстарына ерекше көңіл бөледі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының адамгершілік және терең философиялық шығармаларының бірі «үш анық» шығармасы, бұл шығармада Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...

өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім деген ойды түйіндейді.

*Кетті, келді,
Толды, семді,
Өзгеленді бұл ғалам.
Туды, өлді,
Жанды, сөнді,
Өршіп өнді қайтадан.
Дөңселенткен,
Өңселенткен,
Түк білімсіз күш пе екен?
Тіпті мінсіз,
Кемшіліксіз,
Есті қылған іс пе екен?
Жан деген не,
Мүлде еле ме,
Шын жоғалып ме?
Дене жөн деп,
Жоғары өрлеп,*

Жаның мен деп келе ме?– дейді. Осы өлең арқылы ақын мұны – «барлық талсы» дейді. Бұл – жаратылыстың берік жолы. Сондықтан барша адам шамасына қарай қайбірі өзі үшін, қайбірі барша адам үшін жақсылық, бақ іздейді. Ақыл қарауына адам толығы барша адамға бақ іздеген болады [2].

Қорта келгенде Шәкәрім Құдайберді шығармасын бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, ұлт жандылыққа, ар мен ұжданды, асыл қасиетке, адалдық пен адамдыққа, парасат пен пайымдылыққа үйрету.

Әдебиеттер

1. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері, – Алматы: Кенже-пресс. 2000. – 244 б.
2. «Үш анық» Шәкәрім Құдайбердіұлы. kitap.kz/book

МРНТИ: 17.82.10

З.Ж. Мүтиев, Ж.Ө. Мұханбетова, А.Ж. Еслям

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал, zinulla_mutiev@mail.ru, janim.03.95@mail.ru, aigeryshal@mail.ru

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ – ҮЛКЕН ІЗДЕНІСТІҢ ЖЕМІСІ

Әдебиет пен ғылымды қатар алып жүрген Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетінің тарихын, Абай поэзиясының тілін, Махамбет мұраларын зерттеуде қомақты әрі құнды еңбектер тудырады. Қажымның ғылыми, шығармашылық мұраларының жалпы саны хақында Руда Зайкенованың 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақтың Қажымы» мақаласындағы: «Жұртшылыққа кеңінен таныс «Ломоносов және орыс ғалымы», «Қазақ эпосы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», «Ахмет Жұбанов», «Стиль – өнер ерекшелігі», «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті», «Жайсаң жандар» т.б. газет, журнал және әр түрлі жинақтарда енген еңбектерін қосып есептегенде жалпы саны 200-ге жуық ғылыми зерттеулері, сондай-ақ 40-қа жуық өлеңі мен бес поэмасы, 30-ға тарта очерк, әңгімелері мен екі повесть, екі драмасы бар» [1] – деген пікірі дәлел болады.

Қ. Жұмалиевтің әдеби мұраларының әрқайсысы табандылықтың, батылдықтың, шалқар шабыттың, үлкен ізденістің, қайтпас қайсарлықтың жемісі екендігі айқын аңғарылады. Қажымның «Қанды асу» өлеңмен жазылған романы, «Қырдағы күрес», «Ер Жәукен», «Достық пен махаббат»

поэмалары, «Айқас», «Қайсар қара, қайырымды адам», «Тарлан атты жолаушы» повестері, «Қос білек», «Жаңа орда», «Жолаушы жыры», «Жорыққа аттанғанда» сынды әңгімелері, «Қазақстан», «Махаббат мәні», «Еңбек», «Польша жұмысшыларының делегаттары келгенде», «Кім едік кеше, кім болдық», «Арнау», «Тарту», «Жылқышы мен қыс», «Жылқышы», «Таудан аққан өлең – бір таза бұлақ...», «Залым туған адамдар», «Ағадан қалған жырлар бар», «Қуаныш-қайғы ойласаң», «Қайғы – теңіз ескексіз», «Есінде сақта мәңгілік», «Уәде беріп өз сөзін...» өлеңдері қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алады.

Қажым – талантты әрі талғампаз ақын. Оның әрбір өлең-жырынан туған жеріне деген сүйіспеншілігі, атамекеніне деген ерекше құрметі, қазақ ұлтын, тілін қадір тұтуы анық сезіліп тұрады. Автордың түрлі тақырыптарды тиек еткен поэзиялық туындыларында өмір тіршілігіндегі шымшытырық оқиғалар, еңбекші халықтың жай-күйі, басқарушы топтың билігі, бай-болыстардың ұнамсыз қылықтары мен ессіз әрекеттері еш бүкпесіз шынайы сипат алады.

Ақын жаратылыс құпиясын, табиғат сұлулығын жандандыра бейнелеген «Қазақстан» өлеңінде:

Қорытылса Теміртауда болат-құрыш,
Жезқазған қазанында қайнады мыс.
Кен құты, жер тәңірі – Қазақстан,
Тасынан ақтарылған алтын, күміс.
Қанша алса сарқылмайтын тас көмірі,
Қара алтын Қарағанды бақ пен ырыс [2].
(«Қазақстан»)

– деп табиғатының әсемдігімен танымал, жер қойнауының байлығымен әйгілі Қазақстанның мақтанышпен жырға қосады. Туған елінің айшықты келбетін сұлу сөзімен көмкеріп, әр аймақтың өзіне тән пайдалы қазбаларын сарқылмас байлыққа, таусылмас бақ пен ырысқа тең көреді. Ембі мұнайының күре тамыр қанындай қоңыр, атқылаған фонтандай долылығын айтса, Арал, Каспий теңіздерінің балықтарын тулаған асауға теңеу арқылы тым ұлғайта суреттеген.

Ақын өлеңнің көркемдік жүйесіне де баса назар аударып, теңеулі, гиперболалы сөз тіркестерін қиюластыра қолдану арқылы табиғаттың сырларына араласады. Өлең тармақтарының әуезділігін күшейтіп, ақындық тілінің кестелігін, эстетикалық ой-өрісінің кеңдігін танытады.

Қажымның ақындық шеберлігін, шығармашылық шабытын айқындай түсетін 1938 жылы Алматы қаласында ескі латын графикасымен жарық көрген «Өмір жыры» атты өлеңдер жинағына «Кім едік кеше, кім болдық?», «Қызыл ер», «Дауылпаз», «Жылқышы», «Қыс пен жылқышы» өлеңдері енгізілген.

«Кім едік кеше, кім болдық?» өлеңінде толарсақтан мұз қатып, қабырғадан қан аққызып қараңғы қапаста күн кешіп, жерін патшаға, билігін ақсүйек төреге жастандырып «отар» елге айналған қазақ елінің халін күйіне жырлайды.

Темірден бұғау тағынған,
Қылдан бұрау салынған,
Туырлықтай жерің жоқ,
Көсілер аяқ төрің жоқ,
Жер сауырын патша алған,
Ақ сүйек-төре жастанған,
«Отар» деген ел едік,
Езілгеннің бірі едік [3, 16 б.]
(«Кім едік кеше, кім болдық?»)

– деп ұлт мұңын, халық қасіретін өз жүрегінен өткізе толғайды. Қазақ халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін өзінің арман-мақсатымен үндестіреді. Ел тағдырын өз тағдырымен тең көрген ақын өз өлеңінде ұлт келешегі үшін жанын қиған азаматтардың асыл арманын, теңдік үшін күрескен айқас лебін анық сездіреді.

Одан әрі Қажым еркіндіктің таңы атып, мұз жарылып, жел тынып, темір құрсау бұзылып бейбіт күн орнаған заман келгенін айтып, еңбекші халықтан бүгінгі жағдайын сұрайды. Халқы үшін жаны шырылдаған ақын қазақ жұртын келешекке көз салып, түзу жолға қадам басуға, өздерін өзге елдермен тең дәрежеде ұстауға шақырады. Отаршыл патша үкіметін талқандап, шаң басқан кең байтақ даланы социалды елге айналдырған, өзге елдермен терезені тең қылдырған сол дәуірдегі қозғаушы күш – қазан төңкерісінің қуаты екендігін жеткізеді ақын.

Ақынның бұл өлеңіне тән басты өзгешелік ретінде сауал қою әдісін қолдануын және қойылған сұраққа халық атынан жауап қайтаруын айтуға болады. Өлең мазмұнында қойылған түрлі сауалдардың барлығы дерлік өлеңнің идеялық-тақырыптық негізін әсерлі бейнелеуге, сонымен қатар лирикалық қаһарман сезімін шынайы әрі ұтымды жеткізуге, лириканың жанрлық сипатына сай автордың көңіл-күйін дәл беруімен қоса, мақтан ету, ширығу, көңіл аударту, желпіну, мұңдану, қуану, шаттану секілді сан түрлі сезімдерді жеткізуге қызмет етуімен ерекшеленеді.

Жалынды күрескер, ел жанашырлары Махамбет пен Исатай, Үбі сынды қазақтың өр тұлғалы біртуар батырларының көркем образы бейнеленген «Айқас» повесі Қажым прозасының биік шыңы десек те болады. «Ұлы айқасудың алдында», «Таңба», «Тарлан атты жолаушы», «Айқас» деп аталатын төрт бөлімнен тұратын бұл повесте «қара қазан, сары бала қамы үшін» жауға қарсы аттанып, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ұлтына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін ісімен дәлелдей білген батырлардың ерлік қимылдары көрініс табады. Жазушының бұл туындысына «Айқас» атауының берілуі бай мен кедей, билеуші топ пен еңбекші халық арасындағы тартыстарды сипаттауынан, елі үшін, туған өлкесі үшін кескілескен ерлерінің батыл әрекеттерін насихаттау тақырыбына қалам тербеуінен екендігі анық.

«Қажым – бүкіл өзінің тумысымен, табиғатымен ақын жанды, бары болса шәкірттеріне аямай беретін, одан іркері болмайтын, әдебиетті жанындай сүйетін жан болатын» [4] – деп жазушының шынайы болмысын бағалайды С. Қирабаев.

Қазақ халқының айбынын асқақтатып, ұлттық болмысымыз бен рухани құндылықтарымызды дәріптеген, білім мен ғылым жолын тең ұстап, даналығымен танылған Қажым Жұмалиев мұралары қай кезеңде де дараланып тұрары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Зайкенова Р. Қазақтың Қажымы. 2 ақпан, 2018 жыл. // Abai.kz ақпараттық порталы // <http://www.qazaqadebieti.kz/article/qazaqtyn-qazhimy>
2. Жұмалиев Қ. Қазақстан. Кітапта: Сейітов С. Республикам менің. – Алматы: Қаз.мем.көрк.әд.баспасы. – 1960 ж.
3. Çumalьulь Q. Өmir ыьгь. Өlender ыьjnaгь. Alma-Ata: Qazaqstan. – 1938. – 39 б.
4. Қирабаев С. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. 2015 жыл // <http://www.el.kz/article/qazhim-jumaliev-turali-birer-soz>

ҒТАХР: 14.15

М.К. Омаров, Р.К. Конкаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, rosa_konkaeva@list.ru

«БЕС НӘРСЕГЕ АСЫҚ БОЛ»...

(Білім беру мен адамгершілік тәрбиенің үйлесімі жайында бірер сөз)

Абайдың мұрасында «ғылым-білім» сөзі жиі ұшырасады. Мысалға «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз» сияқты өлеңдерін алсақ та жеткілікті. Ал қара сөздерінде Абай ғылым туралы ой-танымдарын тереңінен қорытып, оқушыға ұғымды тілмен жеткізеді. Мысалға 32-сөзінде: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек» [1], – дей келе, ғылымға үйренудің маңызын ешқашанда жоғалтпайтын алты шартын атап өтеді. Қысқасы, ғылым Абай мұрасын көктей өтетін терминнің бірі.

Сонымен, «ғылым» деген немене? Ол үшін алдымен Алланың ғылымы және адамның ғылымы деген ұғымдарға тоқталу қажет.

«Алланың ғылымы» дегенге Абай: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат» (38-сөз) деп анықтама береді. Расында, «Алланың жазуы», «Алланың хикметі», «Алланың әмірі» түсініктері бар болғанда «Алланың ғылымы» ұғымы неге болмасын. Құран Кәрім «Алла тағала әр нәрсені білуші» (*Бақара сүресі, 282 аят*), «Алла тағала Көк пен жерді жоқтан бар етуші. Ол барлық нәрсені жаратқан әрі Ол әр нәрсені білуші» (*Әнғам сүресі, 101 аят*) деген аяттарға толы [2]. Галактикадағы миллиардтаған жұлдыз, олардың қатаң тәртіппен орналасуы, ғаламдағы күллі қозғалыстар мүлтіксіз тәртіп пен заңдылықтарға бағынуы Алланың құдіреті ғана емес, Алланың ғылымы да. Демек, Алла тағала он сегіз мың ғаламды ғылым құдіретімен жаратқанына көз жеткіземіз.

Енді адамның ғылымы деген ұғымды тексеріп көрейік.

Алла тағала өзінің ұлық сегіз сипатынан «пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты» дейді Абай. Жаратушы Иеміз адам баласын ерекше ақыл иесі қылып жаратқан. Осылайша пендесіне Ғылым сипатын дарытқан. Сол ақылымен адамзат хал-қадірінше Алланың ғылымын ашып, таңғажайып табыстарға қол жеткізе алады. Бірақ адам баласы жоқтан бар жасауға дәрменсіз. Тек бардан бар жасамақ. Мұның мәнісі мынада. Ғалымдар ұзақ ізденісі нәтижесінде дүниені дүр сілкіндірген бір жаңалық ашты дейік. Бірақ Алланың ғылымы тұрғысынан кез келген керемет жетістік ол жаңалық болып ашылғанға дейін де бар нәрсе болып табылады. Демек, компьютер не болмаса ұялы телефон жоқтан бар жасау емес, тек дүниенің бұрын беймәлім жатқан сырын ашуға саяды.

Сонымен, адамның ғылымы Алланың ғылымының зәредей бөлшегі. Сол себепті ғылыми-техникалық прогресс дамуының шегі, шеңбері жоқ. Демек, бүгінгі күнгі таңғажайып сандық технологиялар алдағы уақытта да жалғасын таба бермекші. Хакім Абайдың: «...Малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» – деген көрегендік өсиетінде осы астар бар. Хакімнің жастарды ғылымды игеруге шақыруының мәнді ерекшелігі – қай шығармасында деменіз, ғылым мен тәрбие бірге өріледі. Ғылым туралы танымы адамгершілік жөніндегі тәрбиелік тақырыпқа кірігіп жатады. Мұхтар Әуезовтің: «Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі» [3], – дейтіні сол.

Абайдың ғылым туралы танымына қысқаша шолуымыз осымен тәмам.

Ғылым-білім мен адамдық тәрбие арасында қандай байланыс бар? Енді осы мәселеге ойысайық. Абай: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе адамдықтың орны болмайды» (7-сөз) дейді. Осы өсиетке назар аудару аса маңызды. Егер Алланың ғылымын айналып өтіп, тек адамның ғылымын дәріптесек, онда тәрбие де толық болмайды. Әл-Фараби бабамыздың: «Тәрбиесіз берген ғылым қоғамға қауіпті» дейтіні сол. Осы жәйтті ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге, Бқыласпен тоқылық!» деп жеткізеді емес пе.

Ес-ақыл, ой-сананың толысуы – тәрбиенің ішкі мазмұны.

Бүгінгі қазақ қоғамы осы жағынан ойсырап тұр. Оған дәлелдер іздеп алықа ат айдаудың қажеті шамалы. Тәрбиесіз-ақ күшті өмір иесі, прогресс озығы боламыз деу бекершілік. Ұлтымыз ең алдымен адамшылық тәрбиеге зәру. Күллі мәдени-идеологиялық қондырғы көптің жан дүние сұранысына тәуелді болса игі. Әлімсақтан даму діндегі – адам, бүгінгі күнгі лексикада, адами капитал. Жан қорегі – адамшылық, ал тәнін асырау мал-екеш малдың да, аң-екеш аңның да еншісі. Мәңгі құндылық – адамшылықта екенін Шәкәрім ғұлама:

Кісіге адамшылық неге керек?

Адамдық – өзге айуаннан артық, демек!

Ит талаған төбеттен қалай дейсің,

Аямай әл келгенін жұлып жемек.

Мейірімсіз қасқырда да күшті өмір бар,

Артылған жерің қайсы онан бөлек.

*Жалмағанша, жәрдемің тигізсеңші,
Жығылған, жылағанға болып көмек [4], –*

деуімен жеткізеді. Әсілі, рухани жаңғырудың мәйегі – осы арада. Жан азықсыз қалған, рух әлсіреген жерде, адамшылық та өспейді. Қайта «шайтан өрмек құрады» (Абай) һәм қатігез-қараулық, тойымсыз жемқорлық қауламақ.

Қалың елі, қазағын Абай: «Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз» деп бес асыл іске (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) шақырған болатын. Амал қанша, арлылық пен тазалық шырағын жағуға асықпадық. Керісінше, «қашық бол!» деп ескерткен өтірік (көзбояушылық), мақтанға ұрыну, жағымпаздық, бекер мал шашпақ сияқты дұшпандар көктемгі жауыннан кейінгі арамшөптей қаулап кетті. Мұның бәрін өмірден көріп-біліп отырмыз. Енді «Жаманға жалынудан, жақсыға табынудан сақтасын!» демекші, өнбес іске алдануды, яғни халықтың қаржысын желге ұшыруды доғаратын уақыт жетті. Тұрмыс-тіршілікті түзеу, рухани ахуалды оңалту үшін керегі – жан-жақты ойластырылған ұлттық идеология. Қоғамдық ой-сана өрісін түгелдей қамтитын мемлекеттік бағдар, жүйелі саясат қажет. Сол үшін идеологиялық майданға барлық бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе, интернет ресурстары жұмылдырылса құба-құп.

Ғылым-білім беру мен тәлім-тәрбие қайтсек үйлеспекші? Бұл мәселенің шешімін Абай мұрасынан іздесек дұрыстық деп жоғарыда айттық. Соның бір дәлелі – Абай сүйікті баласы Әбдірахман (Әбіш) өлгенде жазған жоқтау өлеңдері. Мәселен, «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңінде ақын:

*Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
Аямаған гәріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге міндет жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі, –*

дейді. Көріп отырмыз, ер Әбіш – исі қазақ үлгі алар азамат болып жетілген екен. Оның себебі неде? Өйткені, Әбіш бойында ғылым мен тәрбие керемет үйлесім тапқан. Яғни қайраты ыстық, ақылы нұрлы, жүрегі жылы азамат болған. Міне, Абай осыны жеткізіп, адам болудың сырын ұқтырып отыр.

Қорыта айтқанда, «Жаңа Қазақстан құру» бағытындағы мемлекеттік саясат идеологиямызды жаңа рельске көшіруі керек. Ол үшін бүкіл рухани саланы, дәстүрлі құндылықтарымызды қалпына келтіру қажеттігі сөзсіз. Сол құндылықтардың бірі де бірегейі – адамгершілік тәрбие. Оқу орындарында ғылым-білім мен тәрбиені ұштастыру мемлекеттік мәселе, уақыт талабы деп мойындалуы керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екітомдық толық жинағы. 2-том. – Алматы, 2020. – 41 бет.
2. Құран Кәрім. – Алматы, 1991.
3. Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбайұлы. Монография. – Алматы, 1995. – 175-бет.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шығармалары. – Алматы, 1988. – 206 бет.

D.K. Rakhmatulina

НАО «Университет имени Шакарима города Семей», dariga_isagulova@mail.ru

THE PROBLEM OF THE SEMANTICS OF PERSONAL NAMES

The semantics of proper names is a controversial and little-studied phenomenon. Moreover, according to the Russian scientist-onomastic A.V. Superanskaya, "the semantics of proper names is an area not only unexplored, but also undefined. [1]" Recently, Russian linguists have been paying more attention to this issue. But the ambiguity of this phenomenon still leads researchers to different points of view.

The study of the meaning of proper names has been conducted since the era of antiquity. For example, the Stoic Diogenes of Babylon and the grammarians Dionysius the Thracian and Apollonius Dioscolus noted such a feature of the semantics of proper names as individuality, that is, the designation of a single object.

In foreign linguistics, at the moment, several points of view are presented on the problem of the meaning of proper names, which can be reduced to two main ones:

1. Negation of the meaning of a proper name, or a nomenclature concept. The essence of this point of view is that a proper name has only a nominative function, it is capable of representing or designating an object. The founder of this idea is the English philosopher J. Mill, who in his book "The System of Logic" claims that proper names "have no meaning", but are peculiar labels that serve to distinguish objects or subjects. This theory was also followed by such scientists as N.D. Arutyunova, O.S. Akhmanova, S.I. Garagulya, A. Gardiner, K.D. Levkovskaya, A.A. Reformatsky, L. Stebbing, A.A. Ufimtseva and others.

Thus, K.D. Levkovskaya in her research emphasizes that "proper names represent such a special group of words to which the concept of the sign is applicable to a much greater extent than to common names." This is motivated by the fact that the proper name primarily pursues the goal of distinguishing its own objects or objects and is based on subject correlation, and not on meaning or properties [2].

Let us not agree with this point of view. Firstly, any proper name is a word, and not just a set of sounds. And any word, in turn, is a generally accepted sign in a certain language environment. The very essence of the sign already lies in its name – "to mean". That is, based on this provision, we can conclude that a proper name should have some meaning. Secondly, an onym, as well as a common noun, is a noun and, as a consequence, has grammatical features, actualization in context, a general categorical meaning of objectivity, which constitutes, albeit in a generalized form, the lexical meaning of a proper name.

2. According to the second concept, the proper name has a lexical meaning. But even in this interpretation, the opinions of scientists differ in two directions:

– 1) The proper name has meaning, but only in a speech situation (text, discourse). This opinion is shared by M. Breal, I.R. Galperin, O. Espersen, T.N. Kondratieva, N.V. Podolskaya, M.E. Ruth, G. Sweet, A.V. Superanskaya. Within the framework of this idea, O. Jespersen in his book "The Philosophy of Grammar" expresses the opinion that, first of all, the perception of the proper name by speakers and listeners is important. In the process of speech, for the speaker and listener, the name denotes a specific person and in this situation is limited only to them. In another situation, this name may be used to refer to another person. Both in the first case and in the second, the name will perform the same role – the designation of a person in a specific speech situation. O. Espersen divided the meaning of the name into dictionary - in this case, in his opinion, it is really impossible to determine the exact meaning, and contextual meaning - in a specific situation [3].

This position is supported by M.E. Root, noting that the proper name, unlike common names, is devoid of a signifier. The scientist suggests that the signature can be constructed, while its relevance will be zero. The proper name is viewed through the prism of the society in which it lives and within which it has meaning [4].

A.V. Superanskaya approaches the question of the meaning of onyms from the point of view of the complexity of the semantics of proper names and the need to consider various types of information contained in it, while dividing all information into the following types: **linguistic** – does not depend on the speech situation and is available only to researchers; **speech** – is central to the speech situation and is targeted and emotional in nature; **encyclopedic** – a set of information about an object necessary for the introduction of a name into speech and based on extralinguistic connections of objects [5].

2) The proper name has a meaning, but of a different type than the common name. Among the supporters of this theory are N.F. Alefirenko, E. Kurilovich, E.A. Nakhimova, V.A. Nikonov, L.P. Stupin, L.V. Shcherba.

L.V. Shcherba believed that proper names, like any other words, have a meaning, but profoundly different from common names, and proposed to define a mandatory minimum, without which the name cannot be used in speech, and this minimum is the concept under which this particular subject is summed up [6].

Within the framework of this concept, N.F. Alefirenko suggests that "in the presence of a typologically identical set of components, onyms and appellatives have different semantic essence. This is due to the differences in their referential, denotative and significative attribution, as well as the specific relationship between their language and speech semantics." [7]

The proponent of this point of view, V.A. Grechko, believes that personal names by their individual characteristics differ significantly from other categories of proper names and these differences are due to the nature of their semantics and the functions performed in communication [8].

Having considered the main theories on the problem of proper name semantics, one can come to the conclusion that this issue remains as controversial and controversial as it was centuries ago.

We share the point of view that a proper name has a lexical meaning, but of a different type than common names, and join those scientists who believe that the semantics of each class of onyms should be studied separately (V.A. Grechko, M.E. Ruth).

Since, in accordance with this position, anthroponyms have lexical meaning, it seems possible to apply the classical scheme of analysis of the semantics of the word, according to which the referent, denotation, signification, connotation are distinguished in the meaning of the word. The whole difficulty of studying the semantics of proper names, and in particular anthroponyms, lies in the different interpretations of concepts such as referent, denotation and signification. The interpretation of these concepts given by N.F. Alefirenko is the most suitable for our study [9].

The referent is a specific object of naming, the denotation is a class of homogeneous objects, *the significant* is the differential, the most essential features for this class of objects or their totality.

Let's consider this question using examples of the common name *car* and the anthroponym *Amanda*.

The referent of the word *car* is the subject. The denotation will be the class of these items, namely *racing car, limousine, minivan, lorry, truck* and so on. The signifier expresses people's idea of this subject, that is, in the case of the word *car*, it will be "*a road vehicle for one driver and a few passengers*" [10].

With regard to the personal name, we observe the following changes in the components of the meaning: the referent is a certain, specific person – *Amanda*. A person will be represented as a denotation:

a) as a representative of a group (class) of people with one name – there are three *Amandas* in our group;

b) as one of the class of people in general – *Amanda* is a very popular name in Britain. The signature shows our idea of a person in terms of gender and nationality – *Amanda* – female, English and American.

Thus, the referent of the anthroponym is each individual person bearing the given name. But in this case it is impossible not to agree with the opinion of M.E. Ruth and E.A. Nakhimova, who argue that this meaning will be known only to a certain society, and from this point of view personal names are similar to terms or professionalisms.

List of references

1. A.V. Superanskaya 2012: 255
2. Levkovskaya 2005: 177

3. Espersen 2006: 70-78
4. Ruth 2001: 59-64
5. Superan 2012: 328
6. Shcherba 2004: 278-279
7. Alefirenko 2005: 205
8. Grechko 2003: 241
9. Alefirenko 2005
10. <http://www.macmillandictionary.com/dictionary/british/car>

ҒТАХР: 16.31.31

З.Т. Сапарова

IT- лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, zuhra.telmankizi@mail.ru

ДИДАР АМАНТАЙДЫҢ «МЕН СІЗДІ САҒЫНЫП ЖҮРМІН» ПОВЕСІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ ӨРНЕКТЕРІ

Мақалада шығармалары дәстүрлі шығармалардан бөлек постмодернизм жанрына жете бойлап жүрген жазушы Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесі талданады. Оқырманның мұқтажын өтеу, қалың оқырманды адамгершілікке тәрбиелеу, адал еңбек етуге, ақ өмір сүруге баулу – әдебиеттің биік талабы. Көрнекті жазушы Дидар Амантайдың шығармалары бірінші кезекте көлемінің қысқа болуымен ерекшеленеді. Екінші кезекте, жазушы шығармаларында қазіргі замана шындығы, өмірдің шынайы бет-бейнесі еш бояусыз жасалады. Кейде оқырманына тым жұмбақ әрі түсініксіз жайттар, кейде қарапайым өмірде күнде кездесіп жүрген мәселелер қарастырылады. Біз бүгін жазушының постмодернизм бағытында жазылған қысқа көлемді «Мен сізді сағынып жүрмін» повесін талдамақшымыз.

Д. Амантай – қазіргі қазақ прозасында постмодернистік шығармаларымен көзге түсіп жүрген жазушы. Сондықтан болар қазіргі таңда Д. Амантайдың туындыларына екі түрлі, бір-біріне қайшы келетін көзқарас қалыптасқан: бір топ – оның тілі қасаң, шығармаларының көркемдігі төмен, мағынасы ауыр, кірме эпизодтар мол, түсіну қиын деп жатса, екінші топ – туындылары астарлы, алыстан орағытады, философиясы терең, көп қабатты, ойы күрделі деп мақтап жатады. Зерттеуші Л. Сафронова жазушы болмысының көп қырлы екенін, оның модернистік идеологияны ағартушы, суреткер-реалист, сонымен қатар суреткер-романтик, эстет позицияларын қатар ұстанатынын атап өтеді [1].

Жазушының постмодернистік бағытта жазылған «Мен сізді сағынып жүрмін» шығармасын талдамас бұрын постмодернизм ұғымының мағынасын ашып алсақ: Постмодерн дегеніміз – ғылыми-техникалық және ақпараттық төңкерістердің қазіргі кезеңінің әсерінен саяси қатынастарда және процестерде жүріп жатқан өзгерістер дәуірі. Постмодернизмнің теориясы қазіргі күнгі ең беделді философтардың бірі мәдениеттанушы, әдебиеттанушы, семиотик, лингвист Жак Дерриданың концепциялары негізінде туған. Дерриданың пікірінше, «әлем – мәтін», «мәтін – шынайылықтың жалғыз ғана мүмкін моделі [2, [://massaget.kz](http://massaget.kz) сайтынан].

Жазушы Д. Амантайдың «Мен Сізді сағынып жүрмін» атты повесі дәстүрлі шығармалардан бөлек, мүлдем өзгеше шығарма деуге әбден болады. Олай дейтін себебіміз, шығарманың ең басты ерекшелігін, ең алдымен, әңгіменің сөйлем құрлымы арқылы көреміз. Постмодернизмде белгілі бір өлшемнің болмайтындығынан, қалыптасқан дәстүрдің жоқтығынан стилистикалық тұрғыдан да кездесетін бірнеше қателіктерге де көз жұмасыз. Қаламгер құрастырып отырған сөйлемдердің стилистикалық тұрғыдан үйлеспей тұрғанын білмейді емес, біледі. Жазушының «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінің постмодернистік шығарма екендігін дәлелдейтін бірнеше дәлел келтіруге болады. «Мен сізді сағынып жүрмін» деген ерекше атауға ие повесть он-ақ беттен құралып, әртүрлі

жазушылардың шығармаларынан кесіп алып құрастырып қойғандай әсер етеді. Шығармадағы оқиға желісі жүйесіз, сюжеттері де белгілі бір түйінге әкелмейтін біртұтас емес. Шығарма «Мұқтар жұма күні атылып өлді [3]» деген төбеңе жай түсірер сөйлеммен басталып, әрі қарай Мұқтардың өмірден өткені туралы Ғалиябану мен Ерболдың диалогі арқылы өрбиді. Енді әрмен қарай бұл диалогтар Ғалиябану мен Ерболдың арасында емес, Мұқтар мен Ерболдың арасындағы диалогке білдірмей ауыса кетеді. Кейіпкерлер арасындағы диалогтардың ешқандай ой алмасуды, белгілі бір мағынаны бермейді, бұл диалогтар адамның еркінен тыс айтылып жатырғандай көрінеді әрі сұрақтарына жауап күтпейді. Постмодернистік коллаж стилімен жазылған бұл шығарма оқырмандарына әлі де болса түсініксіз тұстары көп. Ғалиябануын шексіз жақсы көрген Мұқтардың «Ғалиябануды шексіз жақсы көргенім бүгін айқын өкінішке айналып, рақатымды қазір үлкен қателікке балайтын тәріздімін, бірақ, ала-құла ренішіңіз бұрын ессіз кешкен анық бақытыңызға теңесе ме екен, екінші сауал, беймезгіл туған күнә арандатып қай жақтан келді, адам ағаттық жіберсе – айыбы бәрібір бақилық емес, ал сүйегіңізге таңба салған ауыр күнәдан арылу үшін қанша уақыт қажет, оны жуып-шайтын Тәңірдің қандай бейнеті бар дүниежарық тойында [3]» деген жолдардан шын сүйген асыл жардың опасыздығынан өмірден түңілген Мұқтарды көрсек, мына жолдарда «Мен Құдайды іздеп бара жатырмын, дейді Мұқтар алабұртқан кіршіксіз әлпетіне кенет туған бейтаныс мұң қонып, ұлы Тәңірдің отаны және пәниде жүздескен күнә мен пейілдің ұясы сол жақта болуы тиіс. Құдайды іздеген ол жазғытұрым көкек айында Медеу шатқалы аңғарында жұма күні атылып өлді [3]» деп аяқталады. Осы жолдардан біз Ғалиябануға шексіз ғашық Мұқтардың Ғалиябанудың опасыздығынан емес, о дүниеге Тәңірге асыққан Мұқтарды көреміз бұны да біз постмодернизмге тән ерекшелік секілді.

Қорыта айтқанда, Д.Амантай өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің көркемдік жетістіктерін игере отырып, жаңашыл ізденістерге, экспериментке ұмтылады. Қаламгер «Мен Сізді сағыным жүрмін» атты прозалық туындыларымен әдебиетке жаңа тақырыптар мен идеяларды, жазудың тың тәсілдерін алып келді деп сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Сафронова Л.В. Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана: учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2006. – 96 с.
2. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/42544/>
3. Д. Амантай «Қарқаралы басында». – Алматы, 2010 – 396 бет.

ҒТАХР: 17.71.07

Ғ.Қ. Хасанов, К.К. Тлегенова

Орал қаласы, М.Өтемісұлы атындағы БҚУ, hasan.gabit@mail.ru, Kamshat.02@mail.ru

БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тіліміздегі семантикалық өзгерістер сөздердің ауыспалы, яғни метафоралық қолданыстарында байқалады. Метафоралық қолданысты Аристотель: «...говоря о действительном, соединять с ним невозможно», – деген болатын. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы негізінде тілімізде жаңа ұғымдар пайда болады және де мұнда бір нәрсені екіншісіне балап немесе мәндес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, сөзге өзгеше бір өң беріп, құбылтып қолданады. Метафора – адамның ойлау ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Егер ойды әдейі өзгертіп айтса, онда метафора қажет болғандықтан емес, онсыз болмайтындықтан пайда болады, ол адамның ойлау қабілеті мен тіліне тән деп айтуға болады.

Тілімізде метафораларды екі топқа бөліп қарастырады:

1. Дәстүрлі метафора (кейбір еңбектерде «тілдік (сөздік) метафора» деп беріледі);
2. Поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора немесе индивидуалды метафора (метафоралық окказионализмдер).

Тілдік (сөздік) метафора сөзге жаңа мағына үстеп, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораның мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Тілдік метафораның авторы жоқ. Олар – мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы. Сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте тілдік метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күңгірттенеді. Тілдік метафоралар поэтикалық метафоралар тәрізді, негізінен, көркем әдебиетте қолданылады.

Поэтикалық метафора – саналы түрде белгілі мақсат үшін көркемдік құрал ретінде көркем әдебиет пен көсемсөз стилінде қолданылады. Поэтикалық метафораны кейде индивидуалды-авторлық (жеке қолданыстағы) метафоралар деп атайды. Жеке қолданыстағы метафора грамматикалық тұрғыдан келгенде тілдік жүйеге негізделген, тек мағынасы жағынан ғана окказионалды болып келетін қолданыстар. Көп жағдайда индивидуалды метафораларда мағынасы жағынан бір-бірімен байланыса қоймайтын ұғымдардың өзін байланыстырып, ерекше бір бейнелі суреттер береді.

Суреткердің бейнелі ойын әсем де әсерлі жеткізуде окказионализмдер бірден-бір таптырмас құрал болып табылады. Осындай тілдік қолданыстар тәуелсіздік поэзиясының өкілі, «Алтынкөпірліктер» деп аталатын алып топтың тау тұлғасы Бауыржан Бабажанұлы шығармаларында көл-көсір. Ақын шығармашылығы сонысымен ерекше, сонысымен ерек көрінеді. Табиғатты, табиғи құбылысты жырламаған адам жоқ, бірақ қарапайым түсініктерді ойландыратындай, кесек-кесек етіп суреттеу ақын өлеңдерінде былайша көрініс табады:

Өңменіңнен өтердей қара суық
Күшейгенін түс ауа, қарашы, ұлып.
Поштабайы секілді **күз-болыстың**
Әлденені жел іздер аласұрып немесе
Сәлем бердік, төрге шық, **Күз-құдағай**,
Құрметіміз қалған ба сізге ұнамай.
Қабағыңнан қаймығып кетті шығып,
Қыз мінезді **Жаз дейтін біздің ағай**.
Бізді тыңдамасаңыз **Қыс** сөйлесін,
Сол ақсақал әулеттің үлкені еді.
Даңғырлатып **бұлт-нөкер** шелектерін,
Желіктірер анау жел желөкпені,-дейді
Енді бірде **«Күз-шындық»** өлеңінде:
Күз дегенің – кәрілік,
Ал кәрілік,
Өтірік айта алмайды.

Бұл өлең жолдарындағы окказионал тіркес – ақынның өзіндік қолданысы. Тілдік қолданыста *қара күз*, *алтын күз* т.б тіркестер кездесіп жатады, алайда *күз-болыс*, *күз-құдағай*, *күз-шындық* деген тіркес қаламгердің өзіндік метафоралық қолданысы болып табылады. Өлеңнен ақынның *бұлт-нөкер* деп жай, ақырын, күзгі құбылыстың, жаңбыр нышанын білдіру үшін нөкер, әскерге теңеп отырғаны, жайдары жазды қыз мінездіге теңеуі, ал күздің -кәрілік деп табиғаттың солып жатқан тұспа-тұс келуін суреттеп отырғаны белгілі. Кейін бұл қолданыстар (*бұлт-нөкер*, *күз-кәрілік*) жалпыхалықтық қолданысқа айналып кетуі де ғажап емес.

Ақын қысты әулеттің үлкеніне, күзді құдағайға теңесе, көктемді бейнелеуі де ерекше. Қадыр Мырза Әли шығармашылығындағы «Табиғат-адам» байланысы бұнда да бар.

Ішіп ап мас болардай жігіт қымыз,
Ақтөбенің көктемі – қылықты қыз!
Білерім, **қыз мінезі – өткінші бұлт,**
Бұлттан кейін күлімдеп Күн шығады.
Үздіктірген, уыздай **Көктем-Ару,**
Құшағыңа енген сәт қандай бақыт!
Көктем-қыздың тойына шашу шашып,
Құстар тағы оралды атыңды айтып
Көктем-жеңгем жүретін арамызда,
Балауса қыз, түбіт мұрт жігітті ұғар.

Ақын көктемді – қылықты қызға, Аруға, жеңгеге, ал мінезін өткінші бұлтқа теңеп, суреттеуінен қазақ қыздарының болмысы мен мінезін, жүріс-тұрысы мен жалпы қазақ өміріндегі орнын көруге болады.

Қазақ өмірінің күнделікті тынысы табиғатпен, ауа-райымен тығыз байланысты екенін көрсететін «**Толғақ**» өлеңінде мынадай жолдарға назар салсақ:

Күні-түні Аллаға жалбарынып,
Үйден сыртқа шықпайды **кейуана-Күн,**
Жаңа жеткен **бақсы – Жел** зікір салып,
Қамшысымен шайтанды қуып әлек.
Емен аға, бір қызық, желіккені ал:
Аспан-ана жіберер беріп хабар.
Ескі зират маңынан үні естілер байғыздың,
Жымындайды жұлдыздар -нөкерлері Ай-қыздың.
Ақ жауын -шөл басатын ән, бауырым,
Осылай басар уақыт жан дауылын, – деп сезім сырын шертеді.

Автор қолданысындағы кейуана-Күн әлемге шуақ шашушы, бақсы-жел қай уақта тұратыны белгісіз екендігімен, ал аспан болса төбеміздегі күн мен түннің анасы ретінде, ал жұлдыздар түнгі әлемнен хабар беріп тұрғандығы айтпаса да белгілі. Мұндай метафоралық қолданыстар жазушының өзіндік қолтаңбасын танытады.

Жеке авторлық қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Белгілі мәнмәтінде ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады. Бұл өзгерістерді ақынның келтірілген бірнеше өлең жолдарынан байқадық, әр өлеңі – бір әлем.

Әдебиеттер

1. Аристотель. Поэтика. – М.-Л., 1936. – 348 с.
2. Бауыржан Бабажанұлы. Ниетқабыл. – Хантәңірі б. – Алматы, 2014.
3. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: 1966.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 162 б.
5. Зайсанбаева Г. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі. Филол.ғыл.канд.дис.автореф..– Алматы:2002. – 27 б.

Б.Т. Тулегенова

«Ахмет Байтұрсынов атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп», Семей қ.,
tolegenova.1973@mail.ru

ЖАҒАНДАНУ

Қазіргі кезде жаһандану мәселесіне ерекше назар аударылуда. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жаһандану үрдісінің жағымды және жағымсыз жақтарын зерделеп, методологиялық және танымдық, аксиологиялық тұрғыдан ой қорытуда. Жаһандану үрдісінің экономикалық, саяси, әлеуметтік, ақпараттық, мәдени астарлары терең зерделенуде. Бұндай қарқынды және жүйелі зерттеулер әсіресе ХХІ ғасырда кеңінен етек алып отырғанын атап өткен жөн. Жаһандану, кейбір ғалымдардың айтуынша, әлемдік сипатта дамып, бүкіл адамзат қоғамында түбегейлі бұрын-сонды болмаған өзгерістер мен жаңғырулар әкелуде. Жаһанданудың басты типтік және сапалық көрсеткіштеріне транстерриториялық сипаттағы экономикалық-шаруашылық, сауда-қаражаттық, мәдени, ақпараттық байланыстармен өзара әрекеттердің интенсивті түрде дамуын, қаржы-экономикалық нарығының пайда болуы мен тауар, капитал, жұмыс күшінің интернационалдық сипат алуын, трансұлттық корпорациялардың пайда болуын жатқызуда.

Сонымен қатар қазіргі қоғамдық даму тенденциясына сай келетін белгілі бір сипаттағы идеологиялық ұстаным, нарықтық экономика, демократиялық сипаттағы әлеуметтік-саяси жүйе, дүниетанымдық плюрализм, конституциялық тұрғыда бекітілген адам құқын қамтамасыз ететін институциялық тетіктер, мемлекетаралық және мемлекеттен жоғары тұратын саяси және құқықтық институттар құруды жаһандану үдірісінің басты көрсеткіштері ретінде қарастыруда.

Жаһанданудың экономикалық, саяси көрсеткіштерімен қатар, мәдени көрсеткіштеріне де ерекше назар аударылуда. Кейбір ғалымдардың пікірінше, жаһанданудың мәдени бөлімі жоғарыда аталған көрсеткіштердің негізгісі және «локомотиві», басқа салаларды анықтаушы күш ретінде танылуда. Ю.М. Лотман бойынша, «мәдениет – биосфера тәрізді құрлымдықтың генераторы, осынсымен ол адамдар айналасында әлеуметтік саланы құрайды, өмір сүруге жағдай туғызады, бірақ ол органикалық емес, қоғамдық». Шындап қарасақ, жаһанданудың негізінде белгілі бір сипаттағы құндылықтар, мәдени ұстанымдардың жатқаны белгілі. Жаһанданудың сценарийі американдық үлгіде жүруде. Ол жаһанданудың базисі, доминанты ретінде, оның салдарынан бұрын басты себебіне, детерминанттық күшіне айналып үлгірген.

Батыстық мәдениет негізінде пайда болғанмен, ол мәдениеттің мәні мен формасы жағынан американдық болып қалуда. Осындай жағдайда жаһанданудың әр түрлі баламалық тұрғыдан тарихи-мәдени негіздері болуы керек, жаһандану жергілікті, аймақтық мәдениеттің ерекшелігін ескеру негізінде даму керек деген де ойлар жиі айтылуда. Мәселен, Қытай, Ресей, Иран, Үнді, Түркия елдері жаһандану үрдісінің негізінде жергілікті аймақтардың мәдениеті мен тұрмыс-салтының ерекшелігі жату қажеттігін көрсете отырып, баламалық негіздегі жаһанданудың тұжырымдарын жасауда. Бұдан шығар қорытынды, американдық мәдениетіне негізделген жаһанданудың әмбебаптық үлгісі ешкімді қанағаттандырмайтындығы және оған деген қарсылықтың күннен күнге үдей түсуі.

Американдық үлгідегі жаһандану, әлемдік қаржы жүйесін дағдарысқа тіреді. Қаржылық олигархия, банкі-қаржылық капиталы әлемдік нарықты, құнды қағаздарды, инвестициялық ахуалды өз қолдарына қарата отырып, жаһанданудың монетарлық либерализмге негізделген идеологиясы мен мәдениетін, қала берді өмір сүру стандартын ұсынуда.

Кейбір дерек көздері бойынша, «трансұлттық компаниялар әлемдік ішкі өнімнің 75% өз бақылауында ұстауда. Олардың ақшасы бүкіл мемлекеттің орталық банкілеріндегі ақшасын қосып есептегенде 5-6 есе көп. Трансұлттық компаниялар әлемдік өнеркәсіптік өндірістің 1/3-тен ½ дейінгісін бақылауда». Осындай алпауыттық экономикалық саясат ұлттық экономиканың тәуелділігін арттырап қана қоймай, жергілікті мемлекеттердің де экономикалық еркіндігін шектеп нарық

экономикасына жат әділетсіз, біржақты өнім айырбасын туғызуда. Бұл жағдайда бәсекелестік туралы айтудың өзі де артық.

Біржақты экономикалық, қаржылық тұрғыдағы өктемдік американдық және еуропалық мәдениеттің жергілікті мәдениеттен артықшылығын көрсету ұстанымдарын тудыруда. Мұндай сыңаржақты көзқарастың негізінде «еуропакіндіктік» қағида жатқаны белгілі. Осы тұрғыдан қарар болсақ, лидер болуға ұмтылған қандай да болмасын ұлт экономикалық, ақпараттық, технологиялық үстемдігін пайдалана отырып, өз құндылықтарын, көзқарастық ұстанымдарын, мінез-құлықтық үлгісін басқаға таңатыны белгілі. Тіпті керек десеңіз, стратегиялық тұрғыдан мәдениет экономикалық үстемдік жүргізудің басты құралы ретінде пайдаланылады.

Жаһанданудың мәдени динамикасы «орталық – шет» дилеммасы контекстінде жүріп жатқаны белгілі. Егерде осы дилемма шеңберінде жаһандық мәдениет пен ұлттық мәдениеттің сұхбаттық қатынастарын қарайтын болсақ, одан біз міндетті түрде біржақтылық пен үстемдік үлгісінің бар екенін және бұл сұхбаттық қатынастардың біртекті емес екендігін көреміз. Бұдан шығатын қорытынды ұлттық, аймақтық, мәдениеттердің әзірге, жоғарыда аталған объективтік жағдайларға байланысты, жаһандану үрдісінің басты субъектісі бола алмайтындығы. Ол үшін «орталық – шет» дилеммасына қандай да болмасын сұхбаттық қатынас төзімділік, өзарасыйластық, теңдік пен әділеттілік қағидалары негіздерінде жүруі қажет. Болмаған жағдайда, қайшылық, өзара түсінбестік орын ала беретіні сөзсіз.

Жаһандану жағдайында мәдени ықпалдастықтың бәрі жақсы немесе ұлттық мәдениетті сақтаймыз деп томаға-тұйықтыққа салыну арқылы сыртқы дүниемен, басқа мәдениетпен қарым-қатынасқа түспеу немесе ұлттық мәдениеттің архаикалық түрін консервациялаумен шектеу де сыңаржақтылық болар еді. Сондықтан бұл жағдайда көп нәрсе ұлттық мәдениеттің ішкі мүмкіндіктеріне, сыртқы ықпалдарды шығармашылық тұрғыдан талғампаздық биігінен қабылдай білуге, бәсекелестік қабілетіне де көп нәрсе байланысты.

Кейбір зерттеушілер ұлттық мемлекеттің өркениет көшінде үлесудің бірден-бір жолы елдің демократия, азаматтық қоғам, либералдық құндылықтарды қабылдауында деп біледі. Өз кезегінде, бұл үрдіс екі бағытта қарастырылады: әмбебаптық және консервативтік. Бірінші бағыт бойынша демократия мен ұлттық құндылықтар арасында тікелей байланыс жоқ, аталған құндылықтар бүкіл адамзат баласына ортақ. Ашық қоғам, нарық, адам құқы тәрізді құндылықтар – өркениет негізі. Олар ұлттық тіл, мәдениет, менталитет тәрізді құндылықтардан қашанда жоғары. Бұл көзқарас батыстық өркениет құндылықтары негізінде пайда болған көзқарас десе де болады; екіншісі, өркениет көшіне ілесу тек қана ұлттық ерекшеліктерімізді, тіл мен ділімізді, дінімізді сақтай отырып, тек сол негізде азаматтық қоғам құндылықтарын дамытуға болады. Осы бағытқа «еуразиялық» тұжырымдама негізінде дамып отырған еуразиялық менталитет, мәдениет идеяларын да жатқызуға болады. Біз екінші бағытты қолдайтынымызды және оның Қазақстан үшін тиімді екенін баса көрсеткіміз келеді. Бұл жерде бар мәселе ұлттық менталитеттің даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты болып отыр. Әрине, ұлттық менталитеттің ішкі мүмкіндіктерін, пассионарлық энергиясын жаһандану үрдісінде дұрыс, тиімді пайдаланудың маңызы өте зор. Бұл жолда бізге үлгі, серік болар елдер де жоқ емес. Мәселен, Жапония елі. «Жапондық рух, батыстық технология» қағидасын ұстанған олар ұлттық менталитетті жаһандық үрдіспен сәтті ұштастырып келеді. Сонымен, бүгінгі ұлт менталитетінің ахуалы қандай, қандай құндылықтар мен көзқарастар жаһандану жолында бізге серік бола алады, қандай құндылықтардан біз арылуымыз керек деген сұрақ төңірегінде ой тарқатып көрелік.

Жалпы ұлт менталитеті туралы әңгіме ұлт бар жерде ғана айтылуы тиіс. Ұлт жоқ жерде, немесе «қазақстандық ұлт» концепциясы төңірегінде, мұндай әңгіме қозғаудың басы артық. Себебі «қазақстандық ұлт» идеясы – ұлтсыздануға апарар бірден-бір жол, жаһанданудың ықпалына механикалық тұрғыдан бейімделу негізінде пайда болған саяси-идеологиялық конструкция. Басқаша айтқанда, «қазақстандық ұлт» концепциясы ашық қоғам жағдайында, батыс құндылықтарын шектен тыс тықпалаудан пайда болған саяси тұжырымдама. Мұндай идеологиялық конструкцияның ментальдық, тарихи, мәдени, рухани, тілдік негіздері Қазақстан қоғамында әртекті. Ол тұтастық сипатта қалыптаспаған. Себебі «қазақстандық ұлт» қай тілде сөйлеуі керек, оны тұтастық тұрғысынан

алғанда сапалық көрсеткіштері мен ерекшеліктері қандай, мәдениеті мен салт-дәстүрі қалай болмақшы деген сан сұрақтарға әзірге анық жауап жоқ. Әр түрлі көзқарастар мен пікірлер, ұстанымдар бар. Бірақ олар жүйеленбеген. Басқаша айтқанда, «қазақстандық ұлт» идеясының саяси конфигурациясы қалыптасқанмен онтологиялық негізі әзірге айқын емес. Оның өзінде бұл конфигурация иманентті сипаттағы қайшылықтарға толы және өзінің ішкі даму потенциалында басқа факторлардан бұрын саяси факторларға тым көп орын берілген. Сондықтанда будандық сипаттағы құндылықтар «қазақстандық ұлттың» әмбебаптық негізі бола алмайтынын және жалпы ұлтты біріктіру мен топтастыруда әлсіз екендігі байқалады.

Қазақстан ұлттық құрамы жағынан тек қана полиэтникалы ғана емес, сонымен бірге, менталитеті жағынан да әр сапалы. Онда жалпылама тұрғыдан айтқанда параллельдік бағытта дамып отырған шығыстық және батыстық менталитет қалыптасқан. Осындай параллельдік сипаттағы менталитетке қарамастан, ұлтаралық татулық, өзара сыйластық, комплиментарлық негізде өзара диалог орныққан. Қазақстанның басқа мемлекеттермен салыстырғандағы басты ерекшелігі де осында. Ал оның тарихи негізі тереңде, ол ғасырлар бойы бірге өмір сүрудің, тағдырдың ащысы мен тұщысын бірге көрудің нәтижесі. Соның арқасында «қазақстандық менталитет» қалыптасуда. Десекте, оған ерекшелік тән болғанмен, жалпылық тән емес.

Қандай да болмасын ерекшеліктің тамыры, тегі болатыны белгілі. Тамыр, тек сапалық қасиеттер арқылы өлшенетінін ескерсек, қазақстандық менталитеттің өлшемі, межесі қазақ халқының құндылықтары болып табылады. Қазақстандық менталитеттің құрылымдық сипатының ішкі өлшемі, қозғаушы күші, жүзеге асуы да қазақ халқының құндылықтарына тікелей байланысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деуі де сондықтан. Демек ұлттық ерекшелікті елемей, ескермей, «азаматтық ұлт» туралы тұжырым жасау сыңаржақтылық. Өкініштісі, кейбір ғалымдар мен саясаткерлер «азаматтық ұлтты» қазақ халқынсыз, оның тілінсіз және менталитетінсіз көз алдына елестеткісі келеді. Елестету былай тұрсын, тіпті армандайтындар да көбеюде. Тіпті ұлт туралы айтпаңдар, ол кешегі заманның феномені, бүгін ел туралы айту қажет дегенді алға тартады. Бұл бос әурешілік, ұлтсыздандудың талайын басынан кешірген, «мың өліп, мың тірілген» қазақ, енді оған жол бермейтініне сенімдіміз. Өйткені заман өзгерді, ұлттық сана өсті, қазақ оны мен солын, жақсысы мен жаманын ажыратар деңгейге жетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар өз мүддесін қорғауға да шамасы келді. Бұны ескермеу, қазақ халқымен санаспау ақиқатқа жасаған қиянат болар еді.

XX ғасыр басындағы қазақпен XXI ғасырда өмір сүріп жатқан қазақтың мінез-құлқы мен құндылықтарды таңдауында айырмашылық бар екені рас. Қазақ менталитетінде этникалық құндылықтармен қатар азаматтық құндылықтарда қалыптасуда. Бұл өмір талабы, ұлттың әлеуметтенуінің нәтижесі. Бұл ұзақ, күрделі процесс. Оны ескермеуге болмайды. Бұл үрдіс басқа да ұлт өкілдері менталитетінде бар. Қазақстанды өз отаным деп түсінетіндердің саны жылдан жылға артуда. Дегенменде, жаһандану барысында ұлттық келбетімізді сақтау үшін ұлт менталитетіндегі қалыптасқан, тарихи сыннан өткен, топтастырғыш моральдық-этикалық, адамгершілік, қасиеттерімізді қоғамдық дамудың рухани негізі ретінде қараудың маңызы өте зор.

Жаһандану барысында ұлт менталитеті мен тіл арасындағы байланыс та алдыңғы қатарлы мәселенің біріне айналуға. «Үш тағандық тіл» туралы соңғы кезде жиі айтылып жүр. Қоғамдық пікір әр түрлі болғанмен, полилингвистикалық идея нақты тұрғыдан жүзеге асуда. Жоғары оқу орындарында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде студенттерді оқыту бүгінде әдетке айналған. Біздіңше, бұл жердегі басты мәселе, тіл ұлттық ойлаудың өзара байланысы жайында болмақшы. Тілсіз ұлттық ойлаудың болмайтыны белгілі. Тіл арқылы ұлт өзінің менталдық болмысын, өмір тіршілігін, дүниетанымын бейнелейді. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі болып келеді. Жаһандану барысында қазақ тілі қорының байлығына, оның дүниені бейнелеу қызметіне шүбә келтіріушілер жеткілікті. Олар тілдік саясатты сынаған болып, қазақ тілі аграрлық қоғамның тілі, индустриалдық қоғамның дамуын бейнелей алмайды деген пікірлерді алға тартуда.

Мұндай көзқарастың ең басты кемшілігі, тілдік саясат пен қазақ тілінің теориясын шатастыруы. Ал шындығына келгенде, қазақ тілінің байлық қоры қоғамдық өзгерістерді бейнелеуге әбден жеткілікті екендігіне ешкімнің күмәні болмаса керек.

Жаһандану заманында қазақ халқы менталитетінің этномәдени архетиптерін саралаудың да маңызы өте зор. Этномәдени архетиптер қатарына кеңпейілділікті, жомарттықты, ашықтықты, бөтенді жатсынбауды, төзімділікті жатқызуға болады. Бұл аталған архетиптер – бүгінгі қазақ дүниетанымының, рухани болмысының, іс-қимылының басы, негіздері. Нарықтық қатынастар мен демократиялық құндылықтарды игерудегі икемділік таныту астарының көзі де осы аталған архетиптермен байланысты. Дегенмен де тек пайда мен табысты мұрат тұтқан қоғамда шектен тыс жомарттық пен кеңдік танытудың да шегі, өлшемі болуы керек. Мұндай құбылыстар, әсіресе ұлттық мүдделерімізді әлем алпауыттарының алдында қорғауға келгенде сезіліп қалынып жүрді. Ұлттық мүддені қорғау барысында шамадан тыс жомарттық танытудың өзі ұлт менталитетінің нарық заманына бейімделмегенін, экономикалық, саяси тәжірибенің аздығын көрсетті.

Әдебиеттер

1. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: «Отан» ЖК, 2015. 293 б.
2. Халитова И. Педагогика (Жоғарғы мектеп педагогикасы) – Алматы 2016. – 380 б.
3. Абаева, Ғ.А. Арнайы педагогика және психология негіздері: оқу құралы / Ғ.А. Абаева. – Қарағанды: MedetGroup, 2014. – 120 б.

ҒТАХР: 17.07.29

А.М. Тынысбекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ, tynysbekova.asel@bk.ru

КРЕОЛИЗИРЛЕНГЕН МӘТІНДЕР – МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ

Жаһандану дәуірінде белсенді миграциялық процесстер нәтижесінде мәдениетаралық коммуникацияның рөлі арта түсті. Соңғы жылдары қазіргі мәдениетаралық қарым-қатынаста ауызша емес жазбаша қарым-қатынас құралдарына, әсіресе креолизирленген мәтіндерге деген қызығушылық үнемі артып келеді. Бұл мәтіндердің құрылымында ауызша сөздермен қатар иконикалық құралдар қолданылады, сонымен қатар басқа семиотикалық кодтардың құралдары (түс, қаріп және т.б.) креолизирленген мәтіндерге жүгіну олардың тіл білімінде аз зерттелгендігімен байланысты және оларды түсіндіру студенттер үшін айтарлықтай қиындықтар туғызады. Креолизирленген мәтіндерге газет-публицистикалық, ғылыми-техникалық, нұсқаулық мәтіндер, иллюстрациялық көркем мәтіндер, жарнамалық мәтіндер, плакаттар, комикстер, парақшалар және т. б. жатады.

«Креолизирленген тексттер – текстурасы екі түрлі бөліктен тұратын мәтін: ауызша (тілдік/сөйлеу) және вербальды емес (табиғи тілге қарағанда басқа белгілер жүйесіне жатады)» [Сорокин, Тарасов, 1990, 180]. Креолизирленген мәтіндер әлемі өте алуан түрлі. Ол газет-публицистикалық, ғылыми-техникалық, нұсқаулық мәтіндер, суреттелген көркем-мәтіндер, афишалар, комикстер, плакаттар, және парақшалар. Заманауи қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере алатын тілдік қарым-қатынастың жаңа үрдісі креолизирленген мәтіндердің рөлі айрықша өсіп келеді. Креолизирленген мәтіндердің зерттеушісі жетекші ресейлік Е.Е. Анисимова сөздер мен иллюстрациялардың қаншалықты тығыз «дәнекерленгеніне» қарамастан, барлық суреттелген мәтіндерді креолизирленген деп атайды. Сурет мәтінді ұйымдастыруға әртүрлі дәрежеде қатысады. Кескіннің болуына және оның ауызша бөлікпен байланысының сипатына байланысты мәтіндердің үш негізгі түрі ерекшеленеді: нөлдік креолизациясы бар мәтіндер, ішінара креолизациясы бар мәтіндер және толық креолизациясы бар мәтіндер.

Нөлдік креолизация мәтіндерінде кескін ұсынылмаған және оларды ұйымдастыру үшін маңызды емес. Ішінара креолизациясы бар мәтіндерде ауызша бөлік салыстырмалы түрде автономды, кескінге тәуелсіз, ауызша және графикалық компоненттер арасында автосемантикалық қатынастар дамиды. Көрнекі компонент ауызша бөлікпен бірге жүреді және мәтінді ұйымдастыруда міндетті емес элемент болып табылады. Толық креолизациясы бар мәтіндерде ауызша бөлік визуалды бөлікке қарамастан дербес өмір сүре алмайды – екі компоненттің арасында семантикалық қатынастар орнатылады. Ауызша бөлік кескінге бағытталған немесе оған сілтеме жасайды, ал кескін мәтіннің міндетті элементі ретінде әрекет етеді. Жарнамалық мәтіндердің мәдениетаралық қарым-қатынасы контекстіндегі зерттеу үлкен қызығушылық тудырады. Утилитарлық, «қарабайыр» мәтіндерге сілтеме жасай отырып, жарнамалық мәтіндер сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында жетекші орын алатын ең мобильді, динамикалық мәтіндер болып табылады. Жарнама арқылы біреудің материалдық және рухани мәдениетімен танысу жүзеге асырылады. Жарнамада жеңілдетілген түрде басқа лингвистикалық және мәдени қауымдастықтарға деген көзқарас қалыптасады (Анисимова 2003). Баспа бейнелеу жарнамасының мәтіндері халықтың ұлттық – мәдени ерекшелігі-ана тілі туралы ақпарат көзі рөлін атқарады және адамдардың әлеуметтік қызметі мен олардың ауызша қарым-қатынасы процесінде ақпарат алмасуға қызмет етеді.

Белгішелік құралдар ауызша ақпаратпен бірге ел туралы ақпарат береді: – тауарды жеткізуші елдің географиялық орны, рельефі, ландшафты туралы (мысалы, «Норвегияның таза суларынан алынған майшабақ» жарнамасында жарнамалық плакатта фьордтар бейнеленген); – тауар жеткізуші ел тұрғындарының сыртқы келбеті, ұлттық киімдері туралы (мысалы, американдық «Марлборо» темекі жарнамасында ковбой бейнесі қолданылады; «Бавария» сырасының жарнамасында – Бавария ұлттық костюміндегі қыздың бейнесі); – материалдық мәдениеттің тарихи заттары туралы (мысалы, итальяндық «Мартини» алкогольдік сусынының жарнамасы Колизейдің қирандыларының бейнесімен сүйемелденеді; халықтың қазіргі өмірін бейнелейтін материалдық мәдениет объектілері туралы (мысалы, екі қабатты автобустың ағылшын темекі жарнамасындағы сурет, Лондон көшелеріне тән қоғамдық көлік); – ұлттық сипат, басым құндылықтар туралы. Жарнамалық мәтіндерді зерттеу көбінесе жарнамалық кескіннің лингвистикалық аспектісіне немесе семитологиялық зерттеуіне дейін азаяды. Шет тілін оқытуда жарнамалық мәтіндерді әдістемелік қолдану, әдетте, кескіннің семиотикасы мен жарнамалық хабарламаның мәдени мазмұнына зиян келтіретін мақсатына бағытталған. Жарнаманың артықшылығы – бұл оқытылатын тіл елінің мәдениетіне, өмір салтына, ана тілінің мінез-құлқына тікелей «жол» береді.

Психолінгвистикалық зерттеуге сәйкес, кез-келген ауызша мәтінді адресат тек 7% игере алады, бірақ визуалды бейнені енгізу арқылы бұл ақпаратты қабылдауды 55% дейін арттыруы мүмкін. Бұл адамның кез-келген ақпаратты әртүрлі каналдардың көмегімен қабылданатындығына байланысты. Сонымен, адам сөз бен кескінді «бірыңғай-пәндік ойлау кодымен біріктіреді және өңдейді» [Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. М.: Наука, 1982. 156] Осылайша, мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру процесінде креолизирленген мәтіндердің рөлі артады, «иконикалық құралдар ауызша құралдармен қатар әлемнің бейнесін, құндылықтар шкаласын бейнелейтін мәтін, ұлттың эстетикалық мұраттары» [Анисимова Е.Е., б.93]. Ол адресатқа белгілі бір әсер етуші күшке ие, сол арқылы әртүрлі ақпаратты жеткізе алады немесе басқа коммуникативті әсер етуі мүмкін және мәдениетаралық процесте тиімді делдал бола алады.

Оқу басылымдары шет тілінде сөйлейтіндердің паравербалды, ауызша және вербалды емес өзара әрекеттесуінің ерекшеліктері туралы негізгі ақпаратты қамтиды, яғни, олар әр түрлі ұлт, дін және идеологиялық наным өкілдеріне мәдениетаралық және этносаралық деңгейде бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және түсінісуге мүмкіндік береді" [Шевченко О.В. 2009]

Қорытындылай келе, шет тілінің оқу басылымдары креолизирленген мәтіндер арқылы социомәдени, лингвомәдени және лингвоөлкетану материалдары мәдениетаралық қарым-қатынас саласына қосылуға және мәдениеттер диалогы аясында шет тілді тасымалдаушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Анисимова Е.Е. «Лингвистика текста и межкультурная коммуникация» (на материале креолизованных текстов): учеб. пособие для студ. фак. иностр. яз. вузов. М.: Академия, 2003. – 128 с.
2. Бринюк Е.В «Текст как средства межкультурной коммуникации» Вестник Московского Областного университета. Серия: Русская филология 2019 – № 2.
3. Ворошилова М.В. (2006), Креолизованный текст: аспекты изучения, [в:] Политическая лингвистика, вып. 20, Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т, – с. 180-189.
4. Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. М.: Наука, 1982. – 156 с.
5. Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // Оптимизация речевого воздействия. М.: Наука, 1990. – С. 180-186.
6. Шевченко О.В. Социокультурное содержание иноязычного дискурса художественных видеофильмов. Тамбов: Издательский дом Тамбовского государственного университета имени Г.Р. Державина, 2009. – 131 с.

ҒТАХР: 14.15.15

Н.Х. Хамзина

№ 40 ЖОББМ Семей қаласы, nurilya40@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҢАРУЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған ролі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауы қажеттігі қарастырылған.

Мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі – мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді.

Мектептердің оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу.

Ғалым педагог Л.В. Занков: «Оқытушы – оқушының рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», – дейді [2].

Көрнекті психолог Л.С. Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», – деп тұжырымдайды [3].

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге себін тиетіндерін, оқушылардың белсенділігі мен өздігінен іс-әрекет жасауын талап ететіндерін іріктеп алуға байланысты.

Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ.

Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы таңдап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыра түспек.

Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

1. Мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет.

2. Мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет.

3. Мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек.

4. Мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі.

5. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі.

6. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспекттері мен жеке тірек белгілері бойынша беру.

7. Сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану.

8. Әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Жаңа технология әдістерін пайдалану оқушының бос отыруына, зерігуіне мүмкіндік бермейді. Бала өз бетімен білім алуға дағдыланады және пәнге қызығушылығы артады. Егеменді еліміздің ертеңі – білімнің тереңдігімен өлшенеді. Оқушылардың жан-жақты білімін, сабаққа қызығушылығын, шығармашылық ізденімпаздығын қамтамасыз етуде жаңа технологияның алатын орны ерекше. Сабақты бастамас бұрын сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда «Не ортақ?», «Мен сізді таныстырғым келеді», «Жүрек жылуы», «Блиц кездесу», «Капитан» ойын – тренингтері ерекше орын алады, тағы басқа ойындардың маңызы зор.

Оқыту – тәрбие үрдісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау, яғни оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – оқушының мұғаліммен, құрбы – құрдастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір – бірінің ойын тың дауға, өзекті мәселені шешуге тырысып, қиындықты жеңуге көмектесетін технология. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған сайын оларда төрт параметрдің көрсеткіші өседі: жекеден – жалпыға, дифференциалдыдан – сенімділікке, интуициядан – логикалыққа, бір перспективадан – көпте – ген перспективаға. Бұл көрсеткіштерді өсіру үшін:

1. Өз бетінше тұжырым, қорытындыға келу қабілетін;

2. Ұқсас құбылыстар арасынан тиімділерін талдай білуін;

3. Пікірталасты жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру қажет.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы басты үш бөлімнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту;

2. Мағынаны тану;

3. Ойтолғаныс.

Әрбір жаңашыл ұстаз үшін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының кез- келген стратегиялары құнды, әрі бағалы. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, ББҮ әдісі, Венн диаграммасы, пікірталас, «дөңгелек үстел», іс ойыны, сайыстар, болжау, автор орындығы тағы басқа стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көқарасын, түсінігін дамыта түседі. Ой шақыру стратегиясында берілетін талқылау сұрақтары оқушыларды шын мәнінде білімге қызықтырып, белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан технологиясының әдіс – тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды.

Әрбір технология жаңа әдіс – тәсілдерімен ерекшеленеді. Осы әдіс – тәсілдерді мұғалім сабағына, оқушылардың жас ерекшелігіне сай іріктеп қолданады. Сабақ барысында оқушыны ол пәнге қызығушылығы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады.

Барлық пәндегі кез – келген тақырыптың тәрбиелік саяси мәні болады, сондықтан белгілі бір мақсатты проблемалық тұрғыдан түсіндіруді қажет етеді, міне осы жағдайда «Сын тұрғысынан ойлау» әдістерін қолдану белгілі бір мақсатты ашуға үлкен септігін тигізеді. Бұл мұғалімнен білімділік пен біліктілікті талап етеді. Ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» – деп бағалаған еді.

Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық, өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияларды меңгерген, білімі мен білігі жоғары ұлағатты тұлға болу міндет.

Әдебиеттер

1. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. – № 5. 3-5 бет.
2. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп. – 1989. – № 9. 10 бет.
3. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы.
4. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. – № 5. 3-5 бет.
5. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп. – 1989. – № 9. 10 бет.
6. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 182 бет.

ҒТАХР: 16.01.11

Ә.А. Шынкебаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, asselya19@mail.ru

ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДА ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚУ

Қазіргі әлем барған сайын болмыстың жаһандану сипатына ие болуда. Жаһандануға тән белгілердің бірі – жеке тұлғалардың да, жеке өркениеттердің де өзара әрекеттесуі. Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастар ерекше мәртебеге ие болады. Мәдениетаралық коммуникация жаһандық және жергілікті мәдениеттер арасындағы, жеке тұлғалардың «ашық» қауымдастығы мен іргелі әлеуметтік-мәдени көзқарастар арасындағы өзара әрекеттесу процесінде жүзеге асырылады. Жаһандану өзінің мәні бойынша әлеуметтік коммуникацияның қазіргі дамуының сипаттамасы ретінде әлеуметтік қауымдастықтардың өзара әрекеттесуінің жаңа кезеңі болып табылады.

Жаһандану мен әлеуметтік-мәдени плюрализмді сақтау, терроризм мен толеранттылық арасындағы оңтайлы шекараларды анықтау ерекше маңызды болып тұрғанда, мәдениетаралық

коммуникация адамзат қоғамының қазіргі жағдайын зерттеу мен бағалауда орталық орындардың бірін алады. Мәдениетаралық коммуникация қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде әртүрлі тілде сөйлейтіндер мен әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынасқа мүмкіндік береді. Тілдер мен мәдениеттерді салыстыру тек жалпы, жалпыға бірдей емес, сонымен қатар халықтардың даму тарихындағы ерекшеліктерге байланысты ерекше, ұлттық, түпнұсқаны ашады. Мәдениетаралық коммуникация өзара түсіністік пен келісімді қарастырады, бұл дегеніміз: басқа біреуді түсіну және сонымен бірге шет тілінде сөйлесу кезінде түсінікті болу.

Қазіргі әлемде басқаларды түсіну бүгінгі күннің мәні болып табылады. Бүгінде олар мәдениетаралық диалогтың құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттігі туралы айта бастады. Алайда, адамдар мәдениетаралық диалогқа қатысу үшін қажетті дағдыларды автоматты түрде иеленбейді, олар өмір бойы игеріледі және дамуы керек. Міне, алда қыруар жұмыс күтіп тұр. Пікірлердің сан алуандығы мен плюрализмін бағалауға және құрметтеуге үйрету, басқа адамдардың наным-сенімдері, құндылық бағдарлары, мәдениеті туралы білімді меңгеруге ықпал ету қажет. Позитивті, конструктивті мәдениетаралық өзара әрекеттестікке шет тілдерін үйрену ықпал етеді. Тілдің құндылық-семантикалық кеңістігі мәдениеттердің сәтті диалогының факторы болып табылады.

Қазіргі филологтар, педагогтар мен психологтар тілге тілдің қарым-қатынас құралы және зерттелетін тілдің елінің мәдениетімен таныстыру құралы ретінде басымдық береді. Шет тілі мен мәдениетін оқытудың негізгі мақсаты нағыз мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындық ретінде тұжырымдалған. Сондықтан да соңғы жылдары шет тілі арқылы оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесінде шетел тілі арқылы оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесінде тәсілдер әзірленді. «Шетел тілі» пәні арқылы тілдік білім беру, оқушы тұлғасын дамыту, оның мәдениетін қалыптастыру сияқты оқытуда да көп.

Бүгінгі таңда шет тілін оқытудың тәсілдер оның мәдени құрамдас бөлігінің төңірегінде ұйымдастырылған, ал негізгі білім беру парадигмасы тіл үйрету арқылы халықтың мәдениетін зерттеу идеясы болып табылады. Бұл тенденция соңғы үш онжылдықта, 90-шы жылдардан бастап, біздің еліміз қызметтің әртүрлі салаларында мәдениетаралық диалогқа жылдам қосылған кезде байқалды. Шет тілін білу ғана емес, сонымен бірге халықтың мәдениетін, менталитеті мен салт-дәстүрін білмейінше толық жүзеге асырылмайтын басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау да өзекті болды. Қазіргі таңда шетел тілін халықаралық қатынас құралы ретінде меңгеру оқытылатын тілдің елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін білмейінше мүмкін емес екені жалпыға мәлім.

С.Г. Тер-Минасованың айтуынша, шет тілі сабағы мәдениеттердің тоғысуы, бұл жат мәдениетті ұсыну фактісі, бұл мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі, өйткені әрбір бөтен сөз бөтен дүние мен жат мәдениетті көрсетеді [Тер-Минасова 2004:30].

Д.С. Лихачевтің «Шетел тілдерін үйрену бірінші кезекте өз тілінің және өз тіліне деген сезімін ұштайды» деген ойлары ауқымды, ол шет тілдерін оқуды тәрбие құралы деп атайды [Лихачев 2000: 358].

Г.В. Елизарова, мәдени компонентті есепке алмай, тілдің тек формасын ассимиляциялау студенттің өзіндік мәдени нормаларын көрсететін мінез-құлққа және зерттелетін тіл мәдениетінің ана тілінде сөйлейтіндердің мінез-құлқына қайшылықтарға әкеледі [Елизарова 2005:7].

Демек, шет тілін оқытудың ерекшелігі – оның оқу іс-әрекеті процесінде өзара әрекеттесуі сол елдің мәдениетін түсінуге ғана емес әкелетін отандық және шетелдік мәдениеттер арасындағы диалог жағдайында жүзеге асырылады. зерттеліп жатқан тілді, төл мәдениетті жақсырақ түсінуге, сонымен қатар іргелі жалпы адамзаттық құндылықтарды, білімдерді жинақтау, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді.

1994 жылы В.П. Фурманова шет тілдерін оқытудың теориясы мен практикасындағы мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік пен мәдени-лингвистикалық прагматиканы зерттеуге бет бұрса, 1996 жылы В.В. Сафонова халықаралық қарым-қатынас тілдерін оқытуда әлеуметтік-мәдени тәсілдің негіздерін әзірлейді. 2000 жылы Е.И. Пассованың коммуникативті шет тілін оқытудың бағдарлама-концепциясы, 2003 жылы П.В. Сысоев көпмәдениетті тілдік білім беру тұжырымдамасын жасады. Осы ғылыми көзқарастардағы кейбір айырмашылықтарға қарамастан,

мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде тілді, әсіресе шетел тілін оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығы туралы қорытынды қабылданған. Бұл теориялар мен концепциялар мәдениет контекстінде шет тілін кейінгі зерттеудің векторын белгілейді. Қазіргі отандық ғалымдар тіл мәдениетті түсінудің кілті, ал тілдік білім «әлем бейнесін жасау және түсіндіру», әлемдік мәдениетке ену және өзінің ұлттық-мәдени сәйкестігін жүзеге асыру процесінде орасан зор рөл атқарады деген ортақ пікірді білдіреді.

Осылайша, шет тілін білу және басқа адамдардың мәдени ерекшелігін құрметтеу жаһандық әлемде халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі мен жемісті өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі елдер өкілдерінің диалогтық өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Тіл және мәдениет философиясы: Пер. онымен бірге. – М.: Прогресс, 1985 ж. – 465 б.
2. Елизарова Г.В. Мәдениет және шет тілдерін оқыту. – М.: КАРО, 2005. – 352 б.
3. Лихачев Д.С. орыс мәдениеті. – М.: Өнер, 2000. – 440 б.
4. Ляужева С.А. Мәдениетаралық диалог жағдайында толерантты тұлғаны тәрбиелеу // Ресейдегі жоғары білім. – 2011. – № 2. – С. 82–87.
5. Пассов Е.И. Коммуникативті шет тілін оқытудың бағдарлама-концепциясы. – М., 2000. – 170 б.

2 СЕКЦИЯ: МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

СЕКЦИЯ 2: ПРАКТИЧЕСКИЙ ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

МРНТИ: 14.25.09

С.С. Ахметова

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 47 им. Ахмета Байтурсынулы» города Семей,
Akhmetova25.02@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

В современном мире всё большую роль играет умение людей взаимодействовать друг с другом – от этого зависит эффективность работы, уровень взаимоотношений. Важным компонентом успешного речевого общения на личностном уровне является сформированность коммуникативной компетенции: «наличие у человека коммуникативной компетенции позволяет ему взаимодействовать с другими людьми в бытовой, учебной, производственной, культурной и других сферах жизнедеятельности, используя различные знаковые системы (среди которых язык, безусловно, занимает доминирующее положение)» [1]. Термин «коммуникативная компетенция» (communicative competence [латинское *competentia*, от *competo* – добиваюсь, соответствую, подхожу] введён американским антропологом Д. Хаймсом (D. Hymes, 1972), считавшим, что высказыванию присущи свои правила, которым подчиняются правила грамматики и усвоение которых обеспечивает способность пользоваться языком в процессе коммуникации.

Задача учителя-словесника в казахской школе – формирование коммуникативных навыков, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употреблении языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся [2]. Сформировать и развить навыки говорения на втором языке так, чтобы обучающиеся впоследствии социализировались в иноязыковой среде.

В 2016 году в общеобразовательном образовании было введено обновленное содержание обучения, которое предполагает реализацию комплексного подхода в развитии языковой, речевой (в том числе этнокультурной), коммуникативной компетенции на основе функциональной грамотности и в общем направлении воспитания языковой личности; актуализацию самостоятельной работы учащихся по лингво-коммуникативному развитию и совершенствованию.

В решении функционально-коммуникативного подхода помогает главное средство обучения – учебник, построенный на спиралевидном принципе: каждый последующий год обучения расширяет определённую лексическую тему. Основой для реализации принципов функциональности коммуникативности являются:

- 1) отобранный и распределенный по классам тематический минимум;
- 2) предлагаемый «потематический» перечень речевых интенций;
- 3) потенциальные ситуации общения, связанные со структурно-содержательными типами диалога;
- 4) речевой этикет как особая область функционирования языковых средств в аспекте межличностных отношений [3].

На основе вышеназванных принципов разработана и представлена соответствующая типология упражнений, направленных:

- на усвоение языковой системы в описательном и функциональном аспектах,
- предназначенных для выявления круга вопросов, необходимых для раскрытия темы.

Характерными формулировками заданий для данного типа являются такие: «Что такое...?», «Как вы представляете себе ... ?», «Из чего состоит...?», «Прочитайте о ... и выявите его структуру», «Что можно сказать по теме...?», «По данной теме составьте схему, отражающую предмет (явления), его признаки (свойства), его виды, его части, отношение людей (ваше) к этому предмету (явлению)», «Рассмотрите внимательно рисунки и выявите все компоненты (явления, предмета).

- на составление определенного тематического поля слов, словосочетаний; семантического поля слов, словосочетаний и фразеологизмов; ассоциативного поля; словообразовательного гнезда слов; формирование стилистических умений и навыков отбора средств адекватно официальной или неофициальной ситуации общения.

- на формирование умений определять стратегию и соответствующие ей тактики общения. Эти упражнения призваны развивать логическое мышление, учитывать опыт общения людей в обществе.

- на достижение информативности диалогического или монологического текста
- на развитие речевых умений - умений аудирования, говорения, чтения, письма.

Функционально-коммуникативный подход к обучению русскому языку в казахской школе делает возможной организацию системы работы по формированию и совершенствованию умений диалогического общения учащихся казахов.

Успешность изучения русского языка как неродного может быть достигнута за счет использования в обучении современных технологий личностной ориентации, деятельностного подхода; обязательного введения в курс языковых дисциплин технологии активизации деятельности учащихся. Этому способствует использование современных образовательных технологий: развивающее обучение; коллективная система обучения (КСО); технология решения исследовательских задач (ТРИЗ); исследовательские и проектные методы; технология модульного и блочно-модульного обучения; технология «дебаты»; технология развития критического мышления; технологии интерактивного и дистанционного обучения; использование информационных технологий и др. [4].

Использование данных технологий служат достижению основной цели обучения русскому языку в школе с казахским языком обучения – это общение на русском языке. Под общением понимается практическое использование языка, коммуникативная компетентность.

Литература

1. Сафонова В.В. Коммуникативная компетенция: современные подходы к многоуровневому описанию в методических целях // О чем спорят в языковой педагогике. – М.: Еврошкола, 2004 г.
2. Планирование по предмету «Русская речь» в 5 классе казахской школы: Методическое пособие для учителя, 2019 г. (Ж.ЖКапеновой., Р.СКаждаровой)
2. Информационно-методическое письмо. МОН РК 2021-2022 гг
3. Функционально-коммуникативная технология обучения русскому языку в казахской школе. Монография. – Павлодар: НИЦ ПТУ им.С.Торайгырова, 2019 г.
4. Даутова О. Б., Крылова О. Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении: учебно-методическое пособие для учителей / под ред. А. П. Тряпициной. – С-Пб.: КАРО, 2018.

С.О. Бекишева, Г.К. Капышева

Восточно-Казахстанский Университет им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск,
bekisheva_saniya@mail.ru

DEVELOPING OF SPEAKING SKILLS BASED ON PHRASEOLOGICAL UNITS

The relatively recent emergence of phraseology as a linguistic discipline is one of the reasons for still insufficient development of many problems in this area. This branch of linguistics studies specific language components, namely the set expressions of different structure, semantics and functions. In linguistics they are called phraseological units, set word-complexes. According to their structure, phraseological units are specific phrases of a language, characterized by the fact that they exist in the language as ready language formations and in the ready form are used in speech.

Phraseology – is a branch of linguistics, studying set expressions in the language, of a different structure, semantics and functions. As an independent linguistic discipline, phraseology appeared relatively recently. This is one of the reasons for the still insufficient development of many problems in this area. Still among linguists there is no common understanding of phraseology and as a result of this – disorder of phraseological terminology. Abundance of terms is explained by insufficient development of the basic concepts of phraseology, many of which are synonymous and some cannot even be called terms, so they are not accurate.

Since phraseology as a linguistic phenomenon is a system interconnected and correlative with the words and with each other, insofar phraseological units should be studied from different perspectives. This discipline helps to learn the literary norms of word usage, namely the use of set phrases, because mistakes in speech reduce its expressiveness and effectiveness.

Words are given, already existing in the language and embodied in the human mind during the development of language as means of communication, and word combinations and sentences are formed in the speech. Compatibility freedom is never absolute, it is always relative. However, in language there are many phrases that occur in the speech and are used in it as ready verbal units. They are so-called set expressions or, as they are often called, phraseological units, set phrases [1]. Thus, in the phraseology all set expressions are studied: the units, which are equivalent to the word and the units, which are proper to the sentence in the semantic and structural relation [2].

In the system of phraseological units of any language in this sense a special place is occupied by comparative phraseological units, because they reflect the central form of mental operations of people, and in this respect in every language there are their own stereotypes and national preferences in the comparative thinking, in building imaginative analogies and comparisons.

V.V. Yeliseeva, considering structural types of phraseological units, argues that "despite its unsemulatedness, phraseological units are quite well distributed according to the types of forming structures" [3]. On this basis she marks:

1) Phraseological units, which are identical with the corresponding free phrases according their form (take silk, break the ice);

2) In this group coordinative structures are formed (pick and choose, rain or shine, light to darkness, for love or money, by hook or by crook);

3) Phraseological units with predicative structure (as the matter stands, before you could say Jack Robinson, as the crow flies). This group includes phraseological units in the form of imperative mood (Take it easy! Bless my soul! Take your time!), and also units of comparative character (as dead as door-nail, as mad as a hatter). Comparative phraseological units are stable and reproducible combinations of words, phraseological specificity of which is based on the traditional comparison.

Another important classification is the classification of V.S. Vinogradov, in his opinion, if we set pragmatic goals, it is advisable to subdivide set combinations into three large groups:

1. Lexical phraseological units. They are semantically correlated with the words, conceptually similar to them. For example: *a bull in a china shop, tough nut to crack*.

2. Predicative phraseological units. They are usually complete sentences, fixed in the language in the form of stable formulas. For example: *better late than never, in for a penny, in for a pound*.

3. Comparative phraseological units. They were fixed in the language as stable comparisons. For example: as brave as a lion, as cool as a cucumber [1].

The paper deals with comparative phraseological units of impredicative type that relate to the specific method of comparison expression. They are a system of expression, in which the significance of inner form, the wealth of fine language resources become apparent with special clearness and at the same time the originality of the national culture, national mentality of imaginative thinking are revealed.

Comparative phraseological units of impredicative type are stable and replicable combination of words, phraseological specifics of which is based on the traditional comparison, that is, those set phrases that consist of two or more components having the semantics of comparison and combined in one unit, for example: as like as two peas.

Comparison is one of the oldest ways of knowing reality. It expressively, clearly, vividly describes a person, natural phenomena, and everyday situations.

Traditionally, comparative phraseological units of impredicative type are subdivided depending on the nature of the base of comparison into adjectival, verbal, substantive, partial and implicit modules.

Comparative phraseological units constitute the largest category of adjectival phraseological units. Adjectival phraseological units are those that functionally correlated with adjectives, i.e., phraseological units, the core component of which is an adjective. The share of adjectival phraseological units in the total value of studied phraseological units is negligible.

I. Adjectival comparative phraseological units. They are phraseological units that have in their composition comparing components. In English as a dependent component proper name may be performed: patient as Job, (as) proud as Lucifer, pleased as Punch.

English phraseological units also allow interchangeability of both core and dependent components: (as) changeable as the moon (Weathercock), close as an oyster, true as a flint, cheerful as a lark.

II. Phraseological units with the structure adj+prep+n: green with envy, full of beans, dead from the neck up, злой на язык, нечист на руку. The core and dependent components, which are in postposition, are connected to each other by adjoining. Between the components of phraseological units attributive syntactic relations are identified, hence for this phraseological units adjectival-nominal-prepositional subtype of attributive-prepositional type with postposition and adjoining are typical. Dedicated classes are very small and atypical in these languages.

The English language has another subclass with the structure adj+and+adj: high and mighty, fair and square, rough and ready, prim and proper. Between the components of the phraseological unit of this subclass there is a coordinate bond, uniting equal components of phraseological units [4].

The study of phraseological units in English lessons will help in the development of speech skills, as well as in understanding the culture of the language being studied.

List of references

1. Елисеева В.В. Лексикология английского языка. Учебник / В.В. Елисеева. – СПб: СПбГУ, 2003.
2. Аюпова Р.А. Проблемы сопоставительной фразеологии английского и русского языков. / Р.А. Аюпова. – Казань: Казан. гос. ун-т, 2004.
3. Kursisa A. Deutsch ist easy! Lehrerhandreichungen und Kopiervorlagen, Deutsch nach Englisch. A.Kursisa, Für den Anfangsunterricht. 2011, 18, 102, 104 (in Germ)
4. Rösler D. Deutsch als Zweit- und Fremdsprache, Gemeinsamkeiten und Unterschiede. D.Roessler, Deutsch als Fremdsprache. 2011,14,149,160(in Germ)

Б.Е. Масалимова, Б.Н. Берикханова
 «Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ, bagymb@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЭССЕ ЖҰМЫСЫН ЖАЗДЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазіргі таңда еліміздегі жас ұрпақты білімді де сапалы етіп тәрбиелеу заман талабы екенін ескерсек, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – болашақ ұрпақтан бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелеу. Оқушының рухани – шығармашылық тұрғыдан дамыған, жаңалыққа ұмтылысымен танылатын азамат етіп шығару тікелей мұғалімнің шеберлігіне, жаңа технологияларды пайдалана алуына байланысты. Сондықтан «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деп Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, мұғалім өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын, кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, бастаған ісінің нәтижесін көре алатын, ғылыми зерттеу жұмыстарын таңдай білетін, педагогикалық үрдістің заңдылықтарымен етене таныс, оқытудың әдістемелік жаңалықтарынан хабардар, оқыту үрдісін ізденімпаздықпен арттыратын өз ісінің шебері болуы керек.

Білім берудің маңызды шарты – оқу үдерісін жаңарта отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды дұрыс бағалауға үйрету. Осы мақсаттарды іске асыруда эссе жұмысын жаздырудың маңызы зор.

Қай елдің әдебиетінде болса да көркем шығармашылықтың құнды жанры ретінде эссе туындап жатады. Жанрлардың ішіндегі қандай құбылыстар болмасын белгілі бір стильдік, көркемдік мақсатта жұмсалып, көркем шығармалардың ішінде айрықша қызметке ие болып тұрған жанрлардың бірі – эссе. Эссе-соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қанынды қыздырып, рухани әлемнен азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды [1].

Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма [2] қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама осындай болса, «Эссе» сөзі француз тілінен аударғанда тәжірибе, шығарма, мүмкіншілік деген бірнеше мағына береді. Бұл жанрдың негізін салушы француз ойшылы Мишель Монтень («Опыты», 1580-1588 г.г.) Н.Л. Лейдерман, Л.В. Куприяновский, З.И. Кирнозе, Г.М. Цвайг сияқты зерттеушілер бұл жанрды автобиография, биография, күнделік, мемуарлар, очерк, эпистолярлық әдебиет, құжаттық драма және т.б. қатарына жатқызады [3].

Бүгінде эссе жанры жаңа рөлге ие, маңызды функция атқарады. Қазіргі заманғы эссенің негізі – қоғамдық өмірдің әр саласындағы құбылыстарынан пайда болған «теория», анықталған концепцияны ерекше бейнелеу мен жеткізуде жатыр. Сонымен қоса, эссе – білім алушының пәндік білімі мен білігін танытатын қорытынды жазба жұмыс түрі. Эссе – білім алушының қысқаша ғылыми жұмысы, яғни білім алушының тар шеңбердегі өзекті сұрақты шешуі. Эссенің басқа ғылыми жұмыстардан өзгешелігі – берілген тақырыпты қысқа әрі нақты жеткізе білуінде.

Эссе (білім) – алғашқы оқу жылдарында студенттердің дағдыларын қалыптастыру үшін АҚШ және басқа елдердің көпшілігінде оқытудың базалық пәні болып есептеледі. Оқыту барысында студенттер эссе құрылымының принциптері мен негізгі түрлерінен мағлұмат алады. Соңғы жылдры осы тектес эссе түрлері Ресейдің филологиялық емес жоғары оқу орындарына да енгізілген. Қазақстан Республикасы Назарбаев Зияткерлік мектептері 2012-2013 оқу жылында Кембридж университетімен бірлесе кіріктірілген жаңа бағдарлама құрастырып, экспериментке енгізді. Көріп отырғанымыздай, эссе жаздыру әдісі қазіргі кезеңде қолданылу өрісі жағынан кеңеюде.

Жаңа бағдарламаның өзгешеліктерінің бірі тілдік және тілдік емес пәндердің бірқатарының күтілетін нәтижесі эссе жазба жұмысымен қорытындыланады. Қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің де жинақтық бағалау жұмысының бір түрі – эссе.

Эссенің мақсаты – өз бетінше автордың шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру. Эссе жазу пайдалы, себебі ол автордың өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауына көмектеседі. Эссе қойылған мәселенің нақты мазмұнын көрсетеді. Онда өз бетінше жүргізілген талдаулар жазылуы тиіс. Эссе формалары қандай пәнге немесе тақырыптарға байланысты жеке ерекшелігіне сай жазылады. Эссе тақырыбы нақты бір түсінікті анықтау мазмұнын ғана жазбауы тиіс, оның мақсаты – адамды ой толғауға итермелеу.

Эссе – шағын көлемді ой бөлісу, қандай болса мәселені еркін баян ету, дәлелді зиятты ізденіс. Эссе тақырыбы эссенің мақсатын, эссенің өн бойында не сұралып отырғандығын, қандай мәселені қозғайтындығын көрсетеді. Эссе төмендегідей үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды бөлім

1. Кіріспе – берілген тақырыптың мәні ашатын бөлім. Бұл бөлімде қандай сұрақтарға жауап істейтіндігіміз анықталады. Кіріспе берілген тақырыпты негіздеу болып табылады, ол логикалық және және стилистикалық байланысқан компоненттер қатарынан тұрады. Бұл кезеңде өз зерттеу барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою керек. Кіріспе жазу барысында "Аталған тақырыпқа анықтама беру керек пе?", "Мен алған тақырып неліктен маңызды?", "Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?", "Мен тақырыпты кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?", т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген жөн.

2. Негізгі бөлім – негізгі ой мен мәселеге байланысты аргументтер жинақталған бөлім. Негізгі бөлімде дәлелдер, дәйектемелерді, түрлі статистикалық мәліметтер мен схемаларды қолданып, тақырыпты ашады, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсетеді.

Тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын ашып жазады. Бұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды аргументті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге көмектеседі. Берілген тақырыптағы аргументтер мен талдаулар, позицияларды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады.

3. Қорытынды – тақырып бойынша түйін. Қорытындыда жаңа ой енгізілмей, дәлелдемелер бойынша түйін шығарады, шешу жолдарын көрсетеді. Қорытынды – жалпыланған және аргументі бар, қолдану аймағы көрсетілген және т.б. түрде болуы мүмкін. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде айтылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады. Қорытынды бөлімінде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитата, әсер беретін тұжырым. Дәлелдеу – белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шын мәніндегі тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы. Дәлелдеудің құрылымына 3 құраушы бөліктері енеді. Олар: тезис, аргумент, қорытынды.

Тезис – дәлелденуге тиісті жағдай.

Аргументтер – тезистің анық, шын екендігін дәлелдеу үшін қолданылатын категория.

Қорытынды – фактілерді талдауға негізделген ой түйін. Бағалаушы тұжырым – біздің сенімімізге, нанымымызға және көзқарасымызға негізделген.

Адамның шығармашыл тұлға ретінде дамуына ықпал ететін факторлардың бірі – жазба тіл. Тіл арқылы әрбір адам өз ойын, пікірін, сезімін, жеткізеді. Баланың сөздік қоры, өз ойын жеткізе білу мектепке келісімен-ақ бірден байып, дамып кетпейді. Бұл өте күрделі үрдіс. Оқытушының үздіксіз ізденісін қажет етеді. Қазақ тілін үйретуде эссе жұмысын жаздырту арқылы, оқушының логикалық ойлай алу қабілетін, өзінің ой-пікірін еркін және нақты білдіре алу қабілетін және шығармашылығының одан әрі дамуына үлес қоса аламыз.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Методические рекомендации по написанию эссе. Государственный Университет Высшая Школа Экономики Санкт-Петербургский филиал. – СПб., 2005.

МРНТИ 16.21.25

К.А. Борщ

УО «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, ksyu_box@bk.ru

ПРИМЕНЕНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ВТОРОГО ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА КАК СПОСОБ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Овладение межкультурной коммуникацией на английском языке является основной целью при подготовке будущих специалистов по языковым образовательным программам. Заинтересованность студентов в изучении английского языка понятна и обоснована. Английский является повсеместно изучаемым иностранным языком во всех образовательных учреждениях Республики Казахстан. Изучение второго иностранного языка также является обязательным для студентов языковых педагогических направлений. Но, как показывает практика, основная масса учащихся не заинтересована в овладении вторым языком и изучает его чисто механически, просто потому, что надо. Многие считают процесс изучения второго иностранного языка скучным и даже нудным занятием. Поэтому перед преподавателем второго иностранного языка встает большая проблема: как повысить мотивацию обучающихся к изучению своего предмета?

Существует множество способов сделать процесс изучения второго иностранного языка интересным. Один из них – это привлечение в учебный процесс элементов игры, что позволяет внести разнообразие в процесс обучения, сделать занятие более увлекательным для учащихся. Игровая деятельность на уроке иностранного языка не только помогает организовать процесс общения, но и максимально приближает его к естественной коммуникации [1].

